

**Орта сыныптарға арналған**

# **«Қоршаған орта экологиясы»**

**оқу-әдістемелік құралы**

**Ақтау 2016**

**УДК 373.167.1:502.1 (075.3)**  
**ББК 20.1я72**

**Қоршаған орта экологиясы:** Орта мектептің орта сыныптарына арналған оқу-әдістемелік құралы/. Ақтау: 2016.

**ISBN 978-601-239-450-4**

Орта мектептің орта сыныптарына арналған «Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралы Маңғыстау облысының 2010-2015 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы үздіксіз білім беру бағдарламасы негізінде дайындалған.

Оқу құралы оқушылардың экологиялық білімдерін, саналарын, дағдыларын қалыптастыруға АӨТ (ақыл ой әрекетінің тәсілдері) платформасы арқылы тиімді педагогикалық тәсілдерді таңдауға және сабақ алгоритмін құрастыруға, сонымен қатар сабаққа әзірлемелерді жоспарлауға, дайындауға және оны жүргізуге негізделген.

Инновациялық педагогикалық технология көмегімен білім негізін тұрақты меңгеру үшін білім берудің қазіргі үдерісінде жаңа техникалық көрнекі құралдар және ақпараттық ресурстардың қол жетімділігі басты рөл атқарады, бұл сапалы білімге қол жеткізуге және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Оқу-әдістемелік құрал ретінде аталмыш жұмыс орта мектептің жоғары сыныптары және барлық қызығушылық танытқан ата-аналар үшін пайдалы болып табылады.

Орта мектептің орта сыныптарына арналған «Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік құралын «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ тапсырысы және қолдауы бойынша «Тұрақты дамуға көмектесу» Орталығы Қоғамдық қоры әзірлеген.

**УДК 373.167.1:502.1 (075.3)**

**ISBN 978-601-239-450-4**

© «Тұрақты дамуға көмектесу Орталығы» ҚК, 2016

**Орта мектептің орта сыныптарына арналған  
«Қоршаған орта экологиясы» оқу-әдістемелік  
құралының бағдарламасы**

**ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар атауы</b>	<b>Апталар</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
1	Ағза және қоршаған орта	1
2	Ауа	2-3
3	Сусыз тіршілік жоқ	4-5
4	Туған жердің топырағы	6
5	Қорытынды сабақ	7
6	Қалдықтарды табысқа айналдыру	8-9
7	Радиация	10
8	Космос: Бүгін! Ертең?	11
9	Қорытынды сабақ	12
10	Көгілдір планетадағы қара дақ	13-14
11	Автокөлік: дос немесе жау?	15-16
12	Шу және шумен ластану	17-18
13	Тұрмыстық заттар	19
14	Тағамдық қауіпсіздік. ГМА	20-21
15	Біздің денсаулығымыз өз қолымызда	22
16	Жабайы және үй жануарлары	23
17	Қорытынды сабақ	24
18	Жұмыс орнындағы еңбек шарттары	25-26
19	Мектептегі еңбек шарттары	27
20	Маңғыстау облысының мәселелері	28-29
21	Қорытынды сабақ	30

**КУРС МАЗМҰНЫ**

**1. Ағза және қоршаған орта**

Қоршаған орта дегеніміз не? Қоршаған орта компоненттерінің өзара байланысы. Қоршаған ортадағы адамның рөлі.

*Практикалық жұмыс:* «Қоршаған ортадағы тәртіп ережелерін» үйрену. «Қоршаған орта» тізімін толықтыру. «Қоршаған орта» сызбасын қарастыру. Адамға және оның болашағы үшін қоршаған орта туралы

білімдер неліктен қажет екенін мысалдар арқылы түсіндіру. Әлемдегі адамның рөлі тақырыбы туралы өз бетінше пікір беру.

## **2. Ауа!**

Ауа дегеніміз не? Ауа құрамы. Фотосинтез үрдісі. Атмосфералық ауаның ластану көздері. Ауаның ластануын күшейтетін негізгі факторлар.

*Практикалық жұмыс:* Құрғақ ауаның құрамы туралы диаграмманы қарастыру. «Атмосферадағы оттегі үлесі неліктен қысқаруда және оған адамның қатысы бар деп есептеуге бола ма?» тақырыбын талқылау. Атмосфералық ауаның негізгі ластану көздерін суреттер бойынша анықтау. Маңғыстау облысының атмосфералық ауасының сапасын сипаттау. «Маңғыстау облысының таза ауасы» жобасы және оны рәсімдеу.

## **3. Суыз тіршілік жоқ**

Су дегеніміз не? Су құрамы. Әлемдегі су массасы. Тұщы су дегеніміз не? Адам баласына күн сайынғы тұтыну үшін қанша литр су керек?

*Практикалық жұмыс:* Су құрамын анықтау. Бір жанұяға қанша су жұмсалатынын есептеу. Үй жағдайында суды қалай үнемдеуге болады? Жанұя, қоғам және қоршаған ортадағы суды үнемдеу қандай нәтиже береді деген сұрақтарға жауап бере отырып, тізімді жалғастыру.

## **4. Туған жердің топырағы**

Топырақтың қызметі. Топырақ түрлері. Топырақтың бұзылуы. Топырақ қабатын қалай сақтауға болады?

*Практикалық жұмыс:* Топырақты қорғау жөніндегі ұсынылған кестені оқи отырып, таблоны толтыру. Қазақстан мен Маңғыстау облысының топырақ түрлерін анықтау. «Топыраққа адам қандай қауіп төндіруде?» сызбасын қарастыру. Топырақты қорғау жөніндегі бірнеше мысалдар келтіру.

## **5. Қорытынды сабақ**

Коммонер заңын түсіндіру. Жұмбақты шешу. «Біздің өлкенің топырағы» тақырыбындағы сұрақтарға жауап беру. Қаланың әртүрлі бес орнындағы ауа сапасын анықтау.

*Зертханалық жұмыс:* Жерді отырғызуға дайын екендігін анықтау. Бір оқулықты және басылымның бәрін шығару үшін қанша ағаш кесілетіндігін есептеу. Жеке пікірінді жазу.

## **6. Қалдықтарды табысқа айналдыру**

Қалдық немесе күл-қоқыс дегеніміз не? Қалдық түрлері. Қалдықтар қаншалықты қауіпті? Қалдықтар көмегімен ресурстарды қаншалықты үнемдеуге болады? Қалдық санын қысқарту жөніндегі шетелдік тәжірибелер.

*Практикалық жұмыс:* Қалдық түрлерін талдау. Тұрмыстық қалдықтарды төмендету тәсілдерін үйрену. «Мектептегі күл-қоқыс көлемін қысқарту» жобасының презентациясын дайындау.

## **7. Радиация**

Радиация дегеніміз не? Сәулелену түрлері. Ағзаға радиацияның ықпалы.

*Практикалық жұмыс:* Бомба типтері және олардың тасталған күндері туралы тарихты еске ала отырып, берілген сұрақтарға жауап беру. Ядролық полигондар туралы талқылау. Зиянды сәулеленуден қорғану жөнінде бірнеше мысалдар келтіру. Адамның сыртқы және ішкі сәулеленуі. «Мұхит – ядролық және басқа да қалдықтарды орналастыру мекені» тақырыбы бойынша өз пікіріңді білдіру.

## **8. Ғарыш: Бүгін! Ертең?**

Ғарыш дегеніміз не? Ғарыштық іс-әрекеттердің қоршаған ортаға ықпалы. Ғарышты игеру. Жер шарындағы «ғарыштық күл-қоқыс» мәселесі. Зымыранның ұшуы кезіндегі жанғыш өнімдермен атмосфералық ауаның ластануы.

*Практикалық жұмыс:* Ғарыш игерудің жағымды және теріс жақтарын сипаттау. Ғарыш игеру туралы өз пікірлеріңді келтіру.

## **9. Қорытынды сабақ**

Қалдықтар мәселесін шешу жөніндегі табиғатты қорғау шараларын атап өту. Қоршаған ортаның ластануы туралы сызбаны толтыру. Аумақтағы радиоактивті цезий концентрациясын қаншалықты төмендетуге болатынын есептеу. Қаншалықты уақыт аралығында біз Жер планетасының озон қабатын тауыса алатынымызды анықтау.

## **10. Көгілдір планетадағы қара дақ (мұнай)**

Мұнайдың ашылу тарихы. Бүгінгі мұнайдың маңызы. Мұнай қаншалықты қауіпті? Мұнаймен ластану мәселелерінен қоршаған ортаны қалай сақтауға болады?

*Практикалық жұмыс:* Әлемдік су қоймаларының мұнай өнімдерімен жыл сайынғы ластану көлемін анықтау. Мұнай өнімдерінен табиғатты қорғаудың бірнеше мысалдарын жазу. «Теңіз мұнайдан қымбат» атты жеке жобаны ұсыну.

*Зертханалық жұмыс:* Мұнайдың төгілуінен теңізді сақтау.

## **11. Автокөлік: дос немесе жау?!**

Көлік түрлері. Қоршаған ортаға әртүрлі транспорт түрлерінің ықпалы.

*Практикалық жұмыс:* Ірі қаладағы автокөлік магистралының жобаларына түсініктеме беру. Автотранспорт құралдарының түрлері бойынша диаграмманы қарастыру. Қоршаған ортаға әртүрлі транспорт түрлерінің ықпалын анықтау. Автокөлік арқылы шығындалатын оттегі

санын және осының салдарынан туындайтын зиянды заттардың санын анықтау. Автокөліктің оң және теріс жақтарын анықтау.

### **12. Шу және шумен ластану**

Шумен ластану дегеніміз не? Шумен ластанудың негізгі көздері. Ағзаға шудың әсері. Шумен ластанудан қалай қорғануға болады?

*Практикалық жұмыс:* Шумен ластанудың негізгі көздерін атау. Шу деңгейін зерттеу. Шу деңгейін анықтау. 5 балдық шкаланы пайдалана отырып, шуды төмендету және бірнеше мысалдар келтіру. Қорытынды жасау.

### **13. Тұрмыстық заттар**

Тұрмыстық заттарға не жатады? Синтетикалық және химиялық заттар дегеніміз не? Тұрмыстық химия заттарының пайдалылығы және зияндылығы. Техника – тұрмыстық заттардың бір түрі. Суретке назар аудары отырып, қалыпты жұмыс позасын анықтау.

*Практикалық жұмыс:* Тұрмыстық химия заттарын атау. Адам өміріне тұрмыстық химияның пайдасы мен зиянын анықтау. «Синтетикалық жуғыш құралдар қажет пе» деген тақырыптағы рөлдік ойын. Ғылыми-техникалық жетістік барысында пайда болған техникаларды атау. Техниканың оң және теріс жақтарын анықтау.

### **14. Тағам қауіпсіздігі, ГМА туралы**

Тағам қауіпсіздігі дегеніміз не? Генетикалық-модификацияланған ағзалар: анықтамасы, ағзаға әсері.

*Практикалық жұмыс:* Әлемдегі аштық мәселелерін қарастыру. Өз аймағындағы аштық мәселелерінің шешімін қарастыру. Генетикалық-модификацияланған ағзаларды зерттеу. ГМА оң және теріс жақтары.

### **15. Біздің денсаулығымыз өз қолымызда**

Дәрі дегеніміз не? Дәрілік құралдарды дұрыс пайдалану жолдары. Дәрілік өсімдіктер: шырғанақ, алоэ, дәрілік бақбақ.

*Практикалық жұмыс:* Дәрілерді дұрыс пайдалану туралы бірнеше мысалдарды келтіру. Дәрі-дәрмек неден жасалатынын анықтау. Дәрілік өсімдіктерді зерттеу. Өзің тұратын аймақта қандай дәрілік өсімдіктер өседі және оған қысқаша сипаттама беру.

### **16. Жабайы және үй жануарлары**

Жануарлар дегеніміз не? Жабайы және үй жануарлары. Маңғыстау облысының жануарлары. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген жануарлар. Жануарлардың жойылу қауіптілігі және осы мәселемен күресу жолдары.

*Практикалық жұмыс:* Жұмбақты шешу. Шешілген жұмбақ бойынша жабайы және үй жануарларын бөлу. Жабайы және үй жануарларының арасындағы айырмашылықтарды жазу. Сөзжұмбақты шешу. Маң-

ғыстау облысының жануарларын сипаттап жазу және Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарларды тізбектеу. Жануарларды қорғау туралы шараларын жазу. «Үй жануарларын қалай күтуге болады» деген тақырыпта әңгіме жазу.

### **17. Қорытынды сабақ**

Атмосфераға автокөлік қанша зиянды заттар шығаратынын есептеп жазу. Мұнаймен ластанған ауданды есептеу. Ғимарат ішіндегі шу деңгейін анықтау. Ерекше қорғалатын аумақтарды карта бойынша анықтау.

### **18. Жұмыс орнындағы еңбек шарттары**

Жұмыс орнындағы еңбек шарттары және факторлары. Жұмыс орнындағы негізгі санитарлық-экологиялық талаптар.

*Практикалық жұмыс:* Жұмыс бөлмесінің санитарлық нормасын анықтау. Өз сыныбыңның санитарлық жағдайын нормативтер негізінде бағалау. Бекітілген нормаға сәйкес санитарлық нормалардың бұзылу факторларын, себептерін және жою жөніндегі шаралар жиынтығын анықтау.

### **19. Мектептегі еңбек шарттары**

Мектеп дегеніміз не? Ынтымақтастық принциптері. Құрметтеу және сенім принциптері.

*Практикалық жұмыс:* Мектеп туралы өз ойларын жазу. Ынтымақтастық, құрметтеу және сенім принциптерін талқылау. Әрбір оқушы тәулігіне қанша шаң-тозаң жұтатынын есептеу.

### **20. Маңғыстау облысының мәселелері**

Табиғи-климаттық жағдай. Топырақтың мұнаймен ластануы. Маңғыстау облысы аумағындағы қалдықтар. Атмосфералық ауа, су ресурстары, биоалуандылықтың бұзылуы, қалдықтармен ластану секілді мәселелер.

*Практикалық жұмыс:* Облысқа географиялық сипаттама беру. Қоршаған орта компоненттерін қарастыру: топырақ жамылғысы, ауаның, жер үсті суларының ластануы. Мұнайдың теріс әсерін қысқарту, қалдық мәселесін шешу, топырақ жамылғысын қорғау туралы мысалдар келтіру. Маңғыстау облысының мәселелерін анықтау. Маңғыстау облысында тағы да қандай экологиялық мәселелер бар екендігін анықтау.

### **21. Қорытынды сабақ.**

Адам өміріне табиғи жағдайлардың ықпалын анықтау. «Каспий теңізі» есебін қарастыра отырып, Қазақстанға Каспий теңізінің жағалау сызықтарының қанша пайызы келетінін анықтау. «Қоршаған ортада әрбір адам өзін қалай ұстауы керек» тақырыбында жоба дайындау.

## 1. АҒЗА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларды қоршаған ортамен ұқыпты қатынаста болуға, жаһандық экологиялық мәселелерді көруге және оларды шешу жолдарын іздеуге тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптерлері

**Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

**2. Жаңа тақырыпты меңгеру**(1-слайд)

Жаңа тақырыпқа арналған кіріспе сұрақтар (2-слайд):

– «Қоршаған орта» түсінігін қалай түсінесіздер?

– Сіз білесіз бе, қоғамда өзін-өзі қалай ұстай білуі керек?

– Ал қоршаған орта жағдайында өзін-өзі қалай ұстау керектігін Сіз білесіз бе?

**Тапсырма:** Біз сабағымызды бастамас бұрын, сіздер жұмыс дәптерлеріңізге жоғарыда берілген сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыздар.

**Мұғалімнің мәтіні:** Келесідей ереже бар. «Таңертен орныңнан тұр, жуын, өзінді ретке келтірумен қатар өз планетаңды да ретке келтір» (3-слайд).

Біздер қоршаған орта деген не және қазіргі уақытта адамзат баласы немесе антропогендік факторлар қоршаған ортаға қалай ықпал ететіндігі жайында білеміз.

**Мұғалімнің мәтіні:** Келесі слайдта көрсетілген мәтінді кім оқиды? (4,5-слайдтар). Оқушылар слайдтағы мәтінді оқиды, ауызша талқылайды.

**Тапсырма:** 6-слайдта көрсетілген сызбаны түсіндіріңіз?

Оқушылар қоршаған ортаның компоненттерін, олардың бір-бірімен өзара байланыстарын, сонымен қатар қоршаған ортаға адам іс-әрекетінің нәтижелері қалай әсер ететіндігі туралы айтып береді.

**Мұғалімнің қысқаша қорытындысы:** Қоршаған орта – адамзат баласының мекен ету және іс-әрекет ортасы. Сызбада сіздер көріп отырған қоршаған ортаның компоненттері – бұл ауа, су, топырақ, өсімдіктер және жануарлар әлемі, адам (7-слайд) көрсетілген.

**Тапсырма** (8-слайд) – ақылмандар сарабы (немесе ой талқысы): Неліктен адамзат өзінің болашақ өмірінде қоршаған орта туралы білімдерді білуі қажет? Жауаптарыңызды мысалмен келтіруге тырысыңыздар.



Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, мысалдар келтіреді.

**Мұғалімнің мәтіні:** Ал енді қазіргі уақыттағы ғылымның дамуы мен адамдардың жетістіктері туралы әңгімелейміз. Қалай ойлайсыздар, қоршаған ортаға адамзат баласынан келетін пайданың немесе зиянның қайсысы жоғары? Жауаптарыңызды түсіндіріңіздер (жазбаша түрде де болады).

**Мұғалімнің қысқаша қорытындысы:** Ғылым мен техниканың дамуы адамзат баласын планетадағы ең күшті күшке айналдырды. Оның күш-жігеріде қоршаған ортаға жоғары ықпал етуінен де көрінеді (9-слайд).

Әлемде және қоршаған ортаның бұзылу қауіптілігі жағдайында адамның рөлі туралы екі қарама-қарсы пікір қалыптасқан (10-слайд):

1. Бірінші көзқарас бойынша, қазіргі әлемдегі жағдайды осы қалпында сақтау табиғаттың таусылу үрдісін тереңдетіп, әлемді апатты жағдайға алып келеді

2. Екінші көзқарас бойынша, қазіргі технологиялық жетістіктер барлық экологиялық мәселелерді табысты түрде шешуге мүмкіндік береді

**Тапсырма** (11-слайд): Сіз қай тұжырыммен келісесіз? Әлемдегі адамның рөлі туралы бірінші және екінші көзқарастың пайдалылығы туралы өздеріңіздің қорытындыларыңызды дәптерге жазыңыздар.

### **3. Білімді бекіту:**

Сұрақтар:

1. Қоршаған ортаның компоненттерін атаңыз.

2. Адам өзінің іс-әрекетімен қоршаған ортаға қалай ықпал етеді?

3. Техниканың дамуы туралы сіз не айта аласыз, ол қоршаған ортаға қалай әсер етеді?

### **4. Үй тапсырмасы(12-слайд).**

Қазіргі уақыттағы экология туралы өз көзқарастарыңызды жазыңыздар. Қоршаған ортаның жаһандық мәселелері немен байланысты? Адамзат – осы мәселенің басты себепшісі ме? Осы мәселелерден шығудың жолдарын ұсыныңыздар.

## **2. АҒА**

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды ауаның құрамы мен оның негізгі физикалық қасиеттерімен таныстыру, газтекес заттар туралы білімді нығайту, бақылауға үйрету, танымдық қызығушылықтарын арттыру, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, топта жұмыс жасауға үйрету;

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптерлері

### **Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

Оқушылар өз таңдаулары бойынша қазіргі уақыттағы экология туралы өз пікірлерін айтады. Қайсыңыз қоршаған ортаның жаһандық мәселелері туралы қандай көзқарастарды айта аласыз. Олар осы экологиялық мәселелердің барлығына адамзат баласы кінәлі деп есептей ме. талқылау жүргізеді және мұғалім қорытынды жасайды.

### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд)**

**Мұғалімнің мәтіні:** (2-слайд): Сыныпта біздер тақтаны, партаны, қабырғаны және терезе сыртынан үйлерді, ағаштарды көріп отырмыз. Ал ауаны көре аламыз ба? Біздер қоршаған ауаны көре алмаймыз, бірақ кей жағдайда байқауға болады. Стакан қабырғасындағы ауаның майда көпіршіктерін сіздер барлығыңыз көргенсіздер. Егер де суы бар шыны ыдысқа стаканды жоғары бөлігі жағынан тастап және ақырындап оны аударатын болсақ, онда стаканнан ауаның қалай шығатынын және стакан орнына судың шығатынын байқауға болатынын көресіздер.

Жер планетасы көзге көрінбейтін мөлдір жамылғы – **атмосферамен** қамтылған. Сіздер қалай ойлайсыздар, ауа барлық жерде бар ма, мысалы, көшеде, бөлмеде, жерде, суда. Жердегі барлық еркін кеңістік ауамен толтырылған. Ауасыз жерде тіршілік жоқ. Егерде Жерде ауа жоғалатын болса, онда Айға ұқсар еді, яғни тіршіліксіз кеңістіктегі дене.

**Мұғалімнің мәтіні:** (3-слайд): Келесі слайдта ауамен танысамыз. Ол қайдан пайда болады екен?

Оқушылар слайдтағы мәтінді оқиды. Сосын 2-3 оқушы осы ақпарат туралы өздерінің пікірлерімен бөліседі.

**Сұрақ** (4-слайд): Ауа құрамына не кіретінін кім айта алады?

Оқушылар сұрақтарға жауап береді және мұғалім дұрыс жауапты көрсетеді (слайдта анимация көрсетіледі).

Мұғалім атмосфералық ауаның ластануы туралы қысқаша ақпаратты береді (5-слайд). Сосын оқушыларға сұрақ қойылады.

**Сұрақ** (6-слайд): фотосинтез не екенін кім айта алады?

Оқушылар сұраққа жауап береді, мұғалім слайдты ашып (анимация қосылған) фотосинтез үдерісін түсіндіріп береді.

Тапсырма (7-слайд): Сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:

✓ Атмосферадағы оттегі үлесі неліктен қысқаруда?

✓ Осыған адамзат іс-әрекетін кінәлі деп санай аламыз ба? Қандай?

Оқушылар жауаптарын айтады және мұғалім қысқаша қорытынды жасайды.

Мұғалім 8-слайдтан ауаның ластануы туралы кеңейтілген ақпаратты ұсынады.

**Мұғалімнің мәтіні:** балалар енді топпен жұмыс жасаймыз. Сіздер 4 топқа бөлінесіздер. Біздер қазіргі уақытта өзекті мәселелердің саны артып жатқандығын байқаймыз, соның бірі – ауаның ластануы. Соңғы слайдта (8-слайд) ауаның ластануын күшейтетін 4 негізгі факторлар келтірілген. Әрбір топ таңдалынған фактор бойынша мысал келтіре отырып, атмосфералық ауаның ластануын азайтатын нұсқаларын көрсетеді.

Оқушылар мысалдар келтіре отырып, жағдайды қалай жақсартуға болатындығы туралы пікірлерін көрсетеді, сосын топтар шығып сөйлейді, сыныпта талқылайды.

Сұрақ (9-слайд): Неліктен ауылдық елдімекендерге қарағанда, қала сыртындағы ауру ағаштардың саны жоғары, ал олардың өмір сүру ұзақтығы қысқа?

**Мұғалімнің мәтіні:** (10-слайд): біздер ауаның ластануының табиғи және антропогендік ластануын білеміз.

Тапсырма (11-слайд): Сәйкес бағанға атмосфераның ластану көздерінің атауларын жазыңыздар.

Мұғалім ауаның ластануы неліктен қауіпті екендігін түсіндіреді? (12-слайд).

Сұрақ (12-слайд): Атмосфералық ауаның ластануын төмендету үшін сіздер не істей аласыздар?

Жауап нұсқалары слайдта көрсетілген. Оқушылар өздерінің пікірлерін қосады.

Талқылауға арналған сұрақтар (13-слайд): Сіз тұратын өңірде қандай экологиялық жағдай қалыптасқандығын айтып беріңіз. Маңғыстау облысының ауасы таза ма, сіз тұратын қалада ше?

#### **4. Білімді бекіту:**

Сұрақтар:

1. Ауа дегеніміз не? Ауаның ластануын қандай факторлар күшейтеді?

2. Ластанудың қандай көздері бар?

3. Ауаны ластанушылардың қауіптілігі неде?

4. Ауаның ластану көздерін азайту үшін біздер не істей аламыз?

### **5. Үй тапсырмасы (14-слайд):**

Маңғыстау облысы ауасының экологиялық жағдайын «Таза ауа» жобасы шеңберінде өз беттерінше оқып көріңіздер. Сол үшін негізгі үш топқа бөлініңіздер:

**Бірінші топ:** жауынның қышкылдығын зерттеу - ол үшін жаңа түскен қарды жинап қағаз индикаторы арқылы ерітілген судың қышкылдығын тексеру керек.

**Екінші топ:** қатты бөлшектермен ауаның ластануын зерттеу – ол үшін өз пәтерлеріндегі балконға екі тәулікке жабыстырмалы лентасы бар карточканы іліңіз. Мөлдір жабыстырмалы лентаны микроскоппен қараңыз.

**Үшінші топ:** ауаның ластану деңгейін анықтау – ол үшін мектеп айналасындағы ағаштарды тексеріңіз. Егер де ағаш діңдерінде жапыраққа ұқсас қыналар бар болса бұл ауаның таза екендігін көрсетеді. Себебі, қыналар ауаның ластануына сезімталдығы жоғары. Егер де қыналар жоқ болса, онда сіздер ластанған ауамен тыныс алғаныңыз.

Өз зерттеулеріңіздің нәтижелерін плакат түрінде рәсімдеңіздер.

## **3. СУСЫЗ ТІРШІЛІК ЖОҚ**

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға таза ауыз су маңыздылығын түсіндіру және суды ұтымды пайдалануға тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптерлері

### **Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

Әрбір топ шығып сөйлеп өз плакаттарын қорғайды. Сыныпта талқылау.

### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд):**

**Мұғалімнің мәтіні:** Біз су туралы көп білеміз. Дегенмен де, көбісі таза ауыз судың аз екендігін біле бермейді. Сондықтан бүгінгі сабақ суға ұқыпты қарауға бағытталады.

Су (сутегі қышқылы) — түсі және иісі жоқ мөлдір сұйықтық. Қатты күйде мұз немесе қар түрінде, ал газтекес күйде су буы түрінде болады (2-слайд).

**Мұғалімнің мәтіні:** Біздің планетаның атмосферасында су тамшы, сонымен қатар бу түрінде бұлт пен тұманда аз түрде кездеседі. Су конденсация барысында атмосферадан атмосфералық жауын (жаңбыр, қар, бұршақ, шық). Түрінде шығарылады. Су жердегі барлық тірі ағзалар үшін маңызды зат көзі. Ғалымдар жердің пайда болуы сулы ортада қалыптасты деген пікірлерді де айтады.

Су жердегі барлық тірі ағзалардың құрамдас бөлігі. Мысалы, адамзат баласының денесінің 60–70 % судан тұрады. Қияр құрамындағы судың құрамы 90-95 %. Су – жасушада маңызды қызметтерді орындайтын бірегей зат, яғни жердегі барлық тіршіліктің алмастырмасы.

Мұғалім жердегі су туралы және әлемдегі су массасының пайыздық қатынасы мен жердегі тұщы судың құрамы туралы сандық ақпараттарды көрсетеді (3-слайд).

*Мұғалімге қосымша ақпарат:*

*Тек жалпы әлемдегі су қорының 0,4 % ғана адамдарға қол жетімді. Бүгінде әлемнің 40 еліндегі 2 млрд адам тіршілікке қажетті су тапшылығын сезінуде. Әлемде суды тұтыну жыл сайын артып келеді. Соңғы жылдары тек қана тұрмыстық қажеттіліктер үшін бір адамға күніне 400 литр судан келеді (40 шелекке жуық). Су ресурстарының шектеулілігі бірқатар өңірлер мен қалаларда ауыз суға деген тапшылықты сезіндіруде.*

Сұрақтар (4-слайд):

- ✓ Жер бетінде су көп, бірақ барлығы да ішуге жарамды ма?
- ✓ Сіздің түсінігіңізше, «тұщы су» деген не?
- ✓ Тұщы судың басым бөлігі қайда кездеседі?
- ✓ Тұщы судың жалпы массасынан мұздықтағы үлесі қандай?

Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, талқылайды.

Анықтамалық ақпарат (5-слайд): Ал адамға қанша су керек?

Күніне адам баласына керек: қолын жуғанға – 6-8 литр, қранды жаппай тісті тазалауға – 6-8 литр, унитазға ағызуға - бір тәулікке 15, ванна қабылдау – 150 литр.

Мұғалім 6-слайдтағы мәтінді оқиды. Оқушылар талқылап мысалдар келтіреді.

Тапсырма (7-слайд): Ал сіздің жанұяңыз қанша су жұмсайды?

Сіздің өңірде су құны қанша екендігін біліңіз.

Литрді кубтық метрге келтіріңіз.

Көрсеткіштерді жанұядағы адам санына көбейтіңіз.

Алынған нәтижелерді 30 күнге көбейтуді ұмытпаңыз.

Есептеулерді жазып, қорытынды жасаңыз.

**Тапсырма** (8-слайд): Сіздің жанұяда суды ұтымды пайдалану жолдарын ойланып жазыңыз (10-нен кем емес):

(9-слайд) Су үнемдеу жанұяға, қоғамға және қоршаған ортаға қандай мүмкіндіктерді береді?

Оқушылар мысал келтіреді, бір оқушы тақтаға жазады. Сосын қалғандары өз дәптерлеріне көшіреді.

**5. Үй тапсырмасы (10-слайд):**

Бос бағанға сіздің жанұя қанша су жұмсайтындығын жазыңыз.

## 4. ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫ

**Сабақтың мақсаты:** Топырақ құрамы және оның түзілуі, құрамы мен қасиеті туралы көзқарасты қалыптастыру. Өзіндік зерттеу жұмысына, өз өлкеңнің табиғатын аялауға тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптерлері

**Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

**2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

Әрбір оқушы өз есептері мен сандарын көрсетеді. Мұғалім су шығынының жалпы сомасын есептейді. Қысқаша қорытынды жасайды.

**3. Жаңа тақырыпты меңгеру** (1-слайд):

**Мұғалімнің мәтіні:** Топырақтың қасиеті, пайдасы туралы білеміз. Олай болса қысқаша қайталаймыз, сұрақтар қойылады.

1. Бірінші топқа: «табиғатта топырақ қандай қызмет атқарады?»

2. Екінші топқа: «Қандай топырақ түрлерін білесіздер?»

3. Үшінші топқа: «Адамның қандай әрекеті топыраққа қауіп төндіруі мүмкін»

Мұғалім топтардың жауаптарын тыңдайды және қысқаша қорытынды жасайды.

**Мұғалімнің мәтіні** (2-слайд): Топырақ – табиғаттың бірегей ресурсы! Сондықтан бүгінгі сабақта топырақты ұқыпты пайдалану жолдарын қарастырамыз.

Мұғалім бір оқушыға 2-слайдтағы мәтінді оқытады.

**Мұғалімнің мәтіні:** Топырақтың әлсіз жағы да бар. Топырақ көп жағдайлардан «қорқады», мысалы улы химикаттардан. Егерде улы химикаттарды нормадан тыс пайдалансақ, олар топырақта жинақтала отырып ластайды.

**Сұрақ (3-слайд):** Топырақты қорғау үшін біз не істей аламыз?

Оқушылар сұрақтарға жауап береді және негізгі мысалдарын дәптерлеріне жазады.

*Мұғалімге қосымша ақпарат:*

**ТОПЫРАҚ** – тірі және өлі ағзалардың (өсімдіктер, жануарлар, микроағзалар), күн сәулесінің және жауын-шашынның әсерінен тау жыныстарының өзгеруі нәтижесінде пайда болған жер шары құрлығының ең жоғары беткі қабаты. Топырақ ерекше құрылымымен, түзілуімен және қасиетімен ерекшеленетін бірегей табиғи түзілім. Топырақтың маңызды қасиеті оның құнарлылығы, яғни өсімдіктердің өсуі мен дамуын қамтамасыз етуге қабілеттілігі.

Топырақ құнарлы болуы үшін өсімдіктердің қоректенуіне қажетті қоректік заттар мен су қорының саны жеткілікті болуы керек.

Мұғалім топырақ түрлерін тізбектейді және сұрақ қояды. Оқушыларға сұрақ (4слайд):

1. Қазақстанда топырақтың қандай түрлері кездеседі?
2. Маңғыстау облысында топырақтың қандай түрлері кездеседі?

Оқушылар сұрақтарға жауап береді.

**Тапсырма (5,6слайдтар):** 5 және 6 слайдтағы суреттерді қарап, жауап беріңіздер:

Адамның қандай іс-әрекеті топыраққа қауіпті? Әрбір осы жағдайда топырақта қандай өзгеріс болады?

Топырақты қорғау және жақсарту үшін біздер қандай шараларды біздер жүргізе аламыз?

Өз дәптерлеріңізге жазыңыздар.

**Тапсырма (7-слайд):** Сызбада көрсетілген қауіптіліктерден топырақты қалай қорғауға болатынынын ойланып, жазыңыздар.

**РЕЗЮМЕ: Топырақ** – Жер биосферасындағы барлық жердегі биоценоздардың маңызды компоненті. Жердегі топырақ жамылғысы арқылы жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың және жердегі ағзалардың (оның ішінде адам баласы да) литосферамен, гидросферамен, атмосферамен көптеген өзара экологиялық байланыстары жүреді.

**Тапсырма:** Жердегі топырақ жамылғысының бұзылуын төмендету үшін қажетті шараларды көрсетіңіз.

**Мұғалімнің мәтіні:** Адамның шаруашылық ісәрекетінде топырақтың рөлі жоғары. Топырақты зерттеу ауылшаруашылық мақсатта ғана емес, орман шаруашылығын, инженерлік-құрылыстық істерді дамыту үшін де қажет. Топырақтың қасиетін білу денсаулық сақтау, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, қалалық жерлерде жасылдандыру зоналарын ұйымдастыру, экологиялық мониторинг және т.б. мәселелердің шешімін табу үшін қажет.

#### **4. Білімді бекіту:**

- ✓ Топырақ деген не? Топырақтың қандай түрлерін білесіздер?
- ✓ Қазақстанда топырақтың қандай түрлері кездеседі?
- ✓ Маңғыстау облысында топырақтың қандай түрлері бар?
- ✓ Сыртқы физикалық-химиялық әсерлерден топырақты қалай қорғауға болады?
- ✓ Топырақтың тозуы деген не?

#### **5. Үй тапсырмасы (8-слайд):**

Қазақстанның топырағының құнарлылығы туралы шығарма жазыңыздар. Оқушыларға және тұрғындарға топырақты сақтауға және жақсартуға қатысты жаднама жазыңыздар.

## **5. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ**

**Сабақтың мақсаты:** табиғаттың экологиялық заңдылықтары және оның құрамдас өзара байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Эксперименталдық жұмысқа және табиғатты аялауға өзіндік қызығушылығын арттыру.

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, оқушылардың жұмыс дәптерлері

#### **Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

#### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

Үй тапсырмасының орындалуы тексеріледі. Топырақты сақтау және сақтау туралы оқушылар мен тұрғындарға арналған жаднама сыныпта талқыланады.

#### **3. Қорытынды сабақ (1-слайд)**



Тапсырма (2-слайд): мәтел маңызын кім түсіндіре алады: «Бакыт дегенің бұл - табиғатпен етене болу, оны көру және онымен сөйлесу».

Оқушылар сұраққа жауап береді.

Мұғалімнің мәтіні (3-слайд): Экологияда Коммонердің заңы қолданылады:

- ✓ Барлығы бір-бірімен байланысты
- ✓ Жоқтан пайда болмайды
- ✓ Табиғат бәрінен артық біледі
- ✓ Тегін ештеңе жоқ

Тапсырма (4-слайд): Мысалдар көмегімен, бұл заңдарды қалай түсінетініңізді көрсетіңіз. Бірнеше оқушылар бұл заңды қалай түсінетіндіктерін айтады.

Тапсырма (5-слайд): Жұмбақты шешу.

Тапсырма (6-слайд): Ендеше тексерейік. Сіз табиғаттың досысыз ба, әлде? Ол үшін нұсқаларға жауап бере отырып, бір нұсқаны таңдау және таңдалынған жауапты кестеге әріппен жазу.

Экранда 7-слайд көрінеді және әрбір оқушы сұрақтарға жауап бере отырып, жауаптың бірінші әріпін таңдай отырып табиғатқа дос екендігін анықтайды.

Зертханалық жұмыс (8-9 слайдтар):

Сіздер білесіздер, жер өсімдіктер отырғызуға дайын екендігін қалай анықтауға болады? Сыбырлақты пайдалана отырып, өсімдіктерді жерге отырғызуға топырақтың дайындығын анықтауға тырысыңыз. Ол үшін жерден бір уыс алып 1 метр биіктіктен тастау керек. Сол кезде оның жерге құлауына байланысты жердің дайындығын анықтауға болады.

Есеп (10-11 слайдтар): Сіздер бір оқулықты (мысалы, қолдарыңыздағы кітап) шығару үшін қанша ағаш кесілетінін білесіздер ме? Ал оқулық тиражын шығару үшін?

#### **Сыбырлақ:**

1000 м<sup>2</sup> қағаз алу үшін орман жамылғысының ¼ га кесіледі –2500 м<sup>2</sup> (1 га = 10000 м<sup>2</sup>). Олай болса, 1000 м<sup>2</sup> қағаз алу үшін 2500 м<sup>2</sup> орманды кесу керек. Яғни аумақ бойынша 2,5 есе үлкен аумақ.

Сұрақ(12-слайд): Осы есепті шеше отырып, қандай қорытынды жасайсыз? Жазыңыз.

Оқулықты жырtpac бұрын жаңа басылымды шығару үшін қанша ағаш жұмсайтынын ойлану керек.

Тәжірибелік жұмыс (13-14слайдтар)

✓ Тығыз қағаздан 10х6 көлеміндегі тікбұрыш ал оның ортасына 3х2 көлеміндегі тікбұрыш салыңыздар. Тікбұрышты жабыспалы лентамен немесе скотчпен жабыстыру керек.

✓ Алынған үлгіні әртүрлі бес орынға ілу керек: көшеге, сыныпқа үйге және т.б.

✓ Келесі үш күннен соң үлгілерді жинап алып, алдымен көз мөлшері арқылы сосын микроскоп арқылы ауа сапасын бағалаңыз.

✓ Әрбір үлгідегі қатты бөлшек санына есептеп, барлық мәліметтерді кестеге ендіріңіз.

#### **4.Үй тапсырмасы:**

Қосымша әдебиеттер көмегімен келесі сұрақтарға жауап беріңіз, жауаптарын оң жақтағы бағанға жазыңыз.

## **6. ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТАБЫСҚА АЙНАЛДЫРУ!**

**Сабақтың мақсаты:** Балаларды қалдықтарды тиімді пайдалануға және қалдықтар көмегімен ресурстарды үнемдеуге үйрету.

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, фотосинтез сызбасы, оқушылардың жұмыс дәптерлері

#### **Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

#### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

Үй тапсырмасының жазбаша орындалуы тексеріледі.

#### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру (1-слайд)**

**Мұғалімнің мәтіні** (2-слайд): Табиғатта қалдық деген болмайды! Барлық өскен, жетілген және өлген дүниелер қайтадан Өмірдің Ұлы айналымына қайтарылады. Артық ештеңе жоқ, барлық айналымға түседі және бұл мәңгі айналым жердегі тіршілік негізі болып табылады. Сондықтан бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы «Қалдықтан табысқа» деп аталады.

Ал енді 3 және 4- слайдтарда қалдық дегеніміз не және ол қайдан пайда болады, қалдықтардың қандай түрлері бар деген сұрақтарға жауап аламыз. Бірнеше оқушы мәтінді оқиды.

Атмосферадағы ластаушы заттардың шығарындылары

Адамды қоршаған атмосфералы ауа үздіксіз ластануға ұшырауда. Өндірістік ғимараттардың ауасы технологиялық жабдықтардың шығарындыларымен немесе ілеспелі заттарды оқшаулаусыз технологиялық үдерістерді жүргізу барысында ластанады. Ғимараттардан бөлінген вентиляциялық ауа өнеркәсіптік алаң мен тұрғын пункттердің атмосфералық ауасының ластану себебі болып табылады. Одан басқа, өнеркәсіптік алаңдар мен тұрғын пункттердің ауасы кәсіпорындардың технологиялық шығарындыларымен, жылу энергетикалық кешеннің, транспорттық құралдардың және басқа көздердің шығарындыларымен ластанады.

**Мұғалімнің мәтіні:** Қоқыс, қалдық – бұл адамзаттың жаңалығы, яғни біздің іс-әрекетіміздің нәтижесі. 5 слайдтағы диаграммада өндірістік қалдықтардың түрлерін көруге болады.

- Айтыңыздаршы, қалдықтардың қайсы түрі өте көп?
  - Қож бен қақтар қайдан пайда болады?
  - Өз дәптерлеріңізге қалдықтардың жалпы үлесінің қанша пайызын тағамдық қалдықтар құрайтынын жазыңыздар?
  - Сіздер қалай ойлайсыздар, олар үйінділерге түскенде қандай жағдай орын алады?
  - Оларды басқаша қалай пайдалануға және жүзеге асыруға болады?
- Келесі диаграммада тұрмыстық қатты қалдықтар көрсетілген (6-слайд).
- Қалдықтардың жалпы үлесінің қанша пайызын тағамдық қалдықтар құрайтынын жазыңыздар
  - Сіздер қалай ойлайсыздар, олар үйінділерге түскенде қандай жағдай орын алады?
  - Оларды басқаша қалай пайдалануға және жүзеге асыруға болады?
  - Ал үйден қандай қалдық түрлерін шығарасыздар?

**Мұғалімнің мәтіні:** қалалар мен тұрғын пункттерді тазалау барысында қоқыстар ерте мен кеш пе қалалық үйінділерге жіберіледі, олар ұзақ жылдар бойы қала аумағындағы жерді ластайды, атмосфераның және судың ластануына ықпал етеді. Қауіпті заттар өсімдіктер мен топырақта жинақталып, әрбір адам үшін қауіпті факторға айналуы мүмкін.

Сұрақ (7-слайд): Қалдықтар неліктен қауіпті?

Мұғалім 7-слайд арқылы қалықтың қауіптілігі туралы ақпаратты ұсынады

**Мұғалімнің мәтіні** (8-слайд): Қалдық көмегімен ресурстарды қалай үнемдеуге болады? Неліктен қазіргі экономиканы «қалдық

тудыратын экономика» деп атайтынын стакандағы йогурт арқылы білуімізге болады. Оқушылар йогурт туралы 8-слайдтағы мәтінмен танысады және өндірістегі қалдық өндірісінің сызбасын сызады (9-слайд).

**Мұғалімнің мәтіні** (10-слайд): қалдық мәселесін шешу үшін қажет:

- ✓ Қалдықтың түзілуін төмендету;
- ✓ Екінші шикізат ретінде қалдықты пайдалану. Егер қалдықтар бөліп жиналса, онда оларды пайдалану да жеңілдейді.

Енді, сызбаны қарап, 11-12 слайдтағы йогурт стаканын қайта өңдеу мысалын оқымыз және қорапты екінші реттік пайдаланудың тиімін түсіндіріңіздер.

### **Оқытушы қорытындысы (13 слайд):**

*Қалдықты пайдаланатын экономика*

Дүкеннен сатып алынған йогурт мысалын пайдаланамыз. Йогуртты жеп болғаннан кейін қорап пластикке арналған арнайы контейнерге түсуі керек. Сұрыпталған қоқыс қайта өңдейтін зауытқа түседі. Мұндай зауытта сұрыпталған қоқыс жаңа түрге ауысады. Қалдықтан жаңа өнім жасайды. Ол үшін сұрыпталған қоқыс жуылады және майдаланады. Мысалы, макулатурадан (пайдаланылған қағаздан) дәретхана қағазын немесе картон дайындайды.

**Мұғалімнің мәтіні** (14-слайд): Егер де қоқысты жоймасақ, онда 10-15 жылдан кейін біздің планетаны 5 МЕТРЛІК ҚАБАТ қалдық жабады!

Мұғалім басқа елдерде қоқыс мәселесін шешудің тәжірибелерін 15 слайдты пайдалана отырып әңгімелейді.

**ТҮЙІН:** Табиғатта қоқыс болмайды, қоқыс – адамзат іс-әрекетінің қалдықтары!. Оны шешудің бір жолы қоқысты бөліп жинау және материалды екінші реттік пайдалану.

**«Мектептегі қоқыс көлемін азайту» жобасы»** (16-слайд).

1. Сынып 2-3 топқа бөлінеді. Әрбір топта – өз аумағы болады: мектеп холлы, аула немесе үйдің ауласы.

2. Әрбір топ өз аумағын айналып онда қандай қоқыс бар екендігін анықтайды. Қатысушылар плакатқа нәтижені түсіріп, презентация жасайды.

3. Сосын қатысушылар мектеп және үйдегі жағдайды жақсарту жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын құруы керек.

#### 4. Білімді бекіту:

Сұрақтар:

1. Қалдық мәселесін шешуге болады ма?

2. Ол үшін не істеу керек?

#### 5. Үй тапсырмасы (17-слайд):

Ал сіздің үйде қалдық қандай түрде шығарылады?

Суретке назар аударыңыз (слайд 17). Сіз қалай ойлайсыз, өз бетіңізше осындай қоқыс салатын бөшкені жасай аласыз ба? Бұл сіздің қалаңыздағы қоқыс мәселесін шешуге септігін тигізеді деп ойлайсыз ба?

## 7. РАДИАЦИЯ

**Сабақтың мақсаты:** Оқушылардың білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, радиация туралы түсінік беру. Танымдық қызығушылықтарын, ойлау, сипаттау, еске түсіру, сөйлеу мәнерін дамыту. Ақылмен әрекет ету дағдысын қалыптастыру

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, фотосинтез сызбасы, оқушылардың жұмыс дәптерлері

#### Сабақ барысы.

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

#### 2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

Оқушылар өз жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді (қоқысты бөліп жинауға арналған қоқыс шелегі) және мұғалім бағалайды.

#### Минуттық дене шынықтыру: (тұрып)

- Айналаға кара – радиацияны көріп тұрсыздар ма?(басты айналдыру)
- Ауаға Ф, И, С әріптерін қолмен жазу (қолды айналдыру)
- Радиация қайда жоғары – тауда немесе жазықта ( қол жоғары, алға қарай еңкею-еденге қолды жеткізу).
- Атом ядросындағы электрондар ашық қозғалады (секіру, орында тұрып қадамдау).

#### 3. Жаңа тақырыпты меңгеру (1-слайд)

**Мұғалімнің мәтіні:** Бүгінгі сабақ тақырыбы «РАДИАЦИЯ!».

Балалар, сынып журналының тізімінде тұрған бірінші оқушыдан бастап, қысқаша бір-екі ауыз сөзбен радиацияны қайдан кездестіргендерің жайында айтып беріндер. Ескертемін! Айтылған сөзді қайталауға

болмайды! Жауап беруші қайталаған жағдайда басты шайқандар. Қате жіберген оқушы ойынан шығады. Сондықтан балалардың жауабын дұрыстап тыңдаңдар.

Бірінші оқушы орын атауын айтады, мұғалім журналдағы нөмір бойынша тақтаға жазады. Осылай, барлығы өз пікірлерін айтады (Егер де тақта үлкенірек болса, онда оқушының шығаруға болады және тез арада сыныппен жазылған атауларды талдайды).

Мұғалім 2-ші слайдтағы материалды пайдалана отырып радиация деген не туралы қысқаша ақпаратты береді. Ал 3-ші слайдта ультракүлгін, рентген және гамма-сәулеленудің қауіптіліктері туралы айтылады.

Ультракүлгін теріні күйдіреді, ультракүлгін сәулесінің ұзақ әсер етуі меланоманы, тері ісігінің әртүрлі ауруларының пайда болуына ықпал етеді. Біздің жерімізді ультракүлгін сәулелерінен озон қабаты қорғайды. Бірақ адамзаттың іс әрекеті әсіресе, тоназытқыш пен желдеткіштерді мұздату, ракета қондырғыларын ұшыру, жоғары кезінде пайдаланылады және нәтижесінде озон бұзылады. Озон тесігі пайда болады. Мысалы, Австралияда барлық балалар шәпкі киеді, себебі Австралияның ауа қабатында озон тесігі байқалған.

Рентген және гамма сәулелері иондық деп есептеледі. Олар тірі ағзалардың тіндеріне ықпал етіп, сәулелік ауру, сәулелік күйік және қатерлі ісіктердің пайда болуына әкеліп соқтырады. Рентген және гамма сәулелері мутагендік факторлар болып табылады.

**Мұғалімнің мәтіні:** Тарихты еске түсіре отырып, өз жауаптарыңызды дәптерге жазыңыздар (4-слайд).

Оқушылар тапсырманы жұмыс дәптеріне орындайды.

**Мұғалімнің мәтіні:** 5-слайдтағы суретті қарайық. Біздің планета және Қазақстан үшін атом және сутекті бомбаларының жарылысының салдары қандай болған және кеңестік ядерлік полигон қайда орналасқан?

**Оқушыларға ақпарат** (6-слайд): Адам баласы үнемі табиғи радиацияға ұшырап отырған. Ол космостық сәулелену нәтижесінде орын алады. Радиоактивті заттар біз тұратын жерде, ғимаратта, біз тұтынатын тағам мен суда да болады. Радиоактивті газдар біз тыныс алатын ауада кездеседі, ал адам өзі радиобелсенді, яғни тірі тіндерде радиоактивті заттардың саны кездесіп отырады.

**Сұрақ:** Зиянды сәулелерден біз қалай қорғанамыз?

**Тапсырма** (7-слайд): Мұхит - тұрғын аумақтарынан қашықта жатқан өзін өзі реттейтін кеңейтілген жүйе деген тұжырыммен келісесіздер ме?

Олай болса неліктен мұхитты радиоактивті және басқа да қауіпті қалдықтарды көму үшін пайдаланбасқа? Өз пікірлеріңізді көрсетіңіз.

Оқушылар өз ойларын айта отырып талқылайды.

#### **4. Білімді бекіту:**

**Мұғалімнің мәтіні.** Балалар радиация туралы көп білдіңіздер. Бұл бүгінде өте өзекті тақырып.

Бізге жақын қандай радиациялық-қауіпті нысан бар?

Жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңізді тексерейік. Келесі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қандай сәулелену түрлерін білесіздер?

2. Олардың қайсысы қауіпті?

3. Доза қандай бірлікте өлшенеді: а) сәулелену; б) сәулеге шалдығу

4. Кім көбірек сәулеге шалдығады: а) жазықта тұратын, б) тауда тұратын?

5. Табиғи сәулеге шалдығудың жылдық дозасы қандай?

#### **5. Үй тапсырмасы (8-слайд):**

Сыртқы сәулеге шалдығуға және ішкі сәулеге шалдығуға нелер жататынын тізбектеп көріңдер.

## **8. ҒАРЫШ: БҮГІН! ЕРТЕҢ?**

**Сабақтың мақсаты:** Оқушылардың білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, ғарыш туралы түсінік беру. Танымдық қызығушылықтарын, ойлау, сипаттау, еске түсіру, сөйлеу мәнерін дамыту. Ақылмен әрекет ету дағдысын қалыптастыру

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, фотосинтез сызбасы, оқушылардың жұмыс дәптерлері

#### **Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

#### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

Үй жұмысының орындалуы тексеріледі.

#### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд)**

**Мұғалімнің мәтіні:** балалар жұмбақты шешіндер:

*Бұл құстың қанаты жоқ,*

*Таңғалмасқа шара жоқ;*

*Құс құйрығын ғана жібереді,*

*Жұлдызға дейін жетеді*

*(зымыран)*

Дұрыс бұлзымыран. Бүгін біздер ғарышқа саяхат жасаймыз. Ол үшін келесі сұрақтарға жауап берейік (2-слайд):

– Балалар, Сендер болашақ жайында ойландыңдар ма? Болашақ, ертеңгі күн қандай болар екен?

– Біз 20 және одан көп жылдан кейін адамзатты не күтіп тұрғандығы жайында жиі ойланамыз ба?

– Адамның іс-әрекеттері, соның ішінде ғарышты игеру .... Мұның барлығы бізге қаншалықты қажет?

**Мұғалімнің мәтіні** (3-слайд): Ғарыш, космос (грек тілінен аударғанда кѳмос, «ретке келтірілген», «көрікті») – құрылым, әлем, кеңістік, материалдық әлем. Ғарыштық игерудің тәжірибелік бастамасы 1957 жылының 4 қазанында Кеңес Одағының алғашқы Жердің жасанды серігін (ЖЖС) ұшырумен басталады.

Балалар сұрақтарға жауап беріңдер:

✓ Айта аласыз ба, ең алғашқы ғарышкер кім болған?

✓ Сіздің есіңізде ме, ол қай жылы орбитаға ұшқан?

✓ Қазақстандық қандай ғарышкерлерді білесіз?

**Мұғалімнің мәтіні** (4-слайд): Космонавтика, кез-келген шаруашылық іс-әрекет секілді табиғи ортаға елеулі ықпал етеді. Ғарышты (космосты) игеру барлығы үшін маңызды бірақ одан да маңыздысы адамды қоршаған орта.

Сұрақ: Ол үшін не істеуге болады?

Мұғалім 5-слайдтағы материалдарды пайдалана отырып, қоршаған ортаға зымыранды ұшырудың әсері туралы ақпараттарды береді.

Тапсырма (6-слайд): Зымыранды ұшыру қоршаған орта компоненттеріне қалай ықпал ететіндігін жазыңыздар. Слайдта мысалдар келтірілген тізімді жалғастырыңыздар.

Мұғалім оқушыларға 7-слайдтағы мәтінді оқуға береді және қоршаған ортаға зымырандық-ғарыштық іс-әрекеттердің әсері туралы бұрын қайдан естігендерін сұрайды. 8-слайдты пайдалана отырып отынмен ластану туралы әңгімелейді. Басқа елдердің ракеталық-космостық іс-әрекеттер туралы мысалдарын келтіреді (9-слайд).

Талқылауға арналған сұрақтар (9-слайд): Ғарышты игеру қажет пе, егер де ол Жердегі адамдарды улау және өлтірумен байланысты болса?

#### **4. Білімді бекту**

✓ Ғарыш деген не?

✓ Қазақстандағы алғашқы ғарышкер кім?



- ✓ Зымыранды ұшыру барысында қоршаған ортаға әсері қандай?
- ✓ Ғарыштан жер қалай көрінеді?
- ✓ Жер деп аталатын шағын үйімізді қалай қорғай аламыз?
- ✓ Гептил туралы не білесіз?
- ✓ Әлемнің басқа елдерінде гептил орнына не пайдаланылады?
- ✓ Ғарыштық қоқыс туралы әңгімелеңіз.

### **5. Үй тапсырмасы (10-слайд).**

Пікірлерінді дәптерге жазыңдар:

Егер де біздер туған планетамызды өз іс-әрекетімізбен жоятын болсақ, онда ғарышты игеруге деген моральдік құқыққа иеміз бе? Біз барлық ғарыштық кеңістік үшін қауіп туғызамыз ба?

## **9. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ**

**Сабақтың мақсаты:** Алдыңғы сабақтарда алған білімді пайдалана отырып, радиация және космос туралы қорытындыны жасау. Алған дағдыны жалпылап және бір негізге келтіру.

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, фотосинтез сызбасы, оқушылардың жұмыс дәптерлері

### **Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

### **3. Қорытынды сабақты жүргізу (1-слайд)**

Тапсырма (2-слайд): «Адамзат баласы жерді көріктендіру керек» мәтелінің мағынасын түсіндіру.

Тапсырма (3-слайд): Экологтардың есептеуінше, метал сынықтары (металлолом) мен қағаз қалдықтарын жинау (макулатура) - бұл табиғатты қорғаудағы маңызды шаралардың бірі, сіз осы пікірмен келісесіз бе?

Жауапты дәптерге жазыңыздар.

Тапсырма (4-слайд): Қоршаған ортаның ластану түрлерін жазыңдар: электромагниттік ластану, пайдалы алаңдардың су басуы, жылулық ластану, қатты қалдықтар, апат кезіндегі радиациялық ластану, өзен режимінің өзгерісі, су қоймаларының лайлануы, радиоактивті қалдықтар, атмосфераға қатты бөлшектердің тасталуы.

Ақпарат (5-слайд). Радиоактивті цезий және стронций радиоактивті сәулелену көзі болып табылады (30 жылға дейін): стронцийдің басым

бөлігі топырақтың жоғары қабатында болады (5см дейін), ал құмдарда ол 30-40 см тереңдікке дейін енеді.

Топырақты стронциймен радиоактивті ластануынан тазалау үшін жерге әк төгуді жүргізу керек бұл оның шамасын азайтуға мүмкіндік береді. Цезий мөлшерін төмендету үшін калий және фосфор тыңайтқышын ендіру қажет.

**Тапсырма** (6-слайд): Калий және фосфор тыңайтқышының санын есептеу қажет.

*Есептің орындалу мысалы:*

2 га алаңға арналған есепті шешуді қарастырамыз. Егер де 100 м<sup>2</sup> алаңға 2,5 кг тыңайтқыш қажет десе, онда 20 000 м<sup>2</sup> (2 га) – x кг тыңайтқыш.

Пропорция құрамыз:

$$x = \frac{20\,000\text{ м}^2 \cdot 2,5\text{ кг}}{100\text{ м}^2} = 500\text{ кг}$$

Олай болса, 2 га алаңға радиоактивті цезий мөлшерін төмендету үшін 500 кг еселік суперфосфат қажет.

**Мүғалімнің мәтіні** (7-слайд): Құрамында азот оксиді бар жоғары дыбысты ұшақтар мен космостық аппараттардың шығарындылары озон қабатын бұзады. Белгілі болғандай, бір космостық корабльдің ұшырылуы 10 млн тонна озонның жойылуына әкеліп соқтырады. Егерде 2009 жылы Байқоңырдан 26 космостық корабльдер ұшырылған болса, онда жылына қанша млн тонна озон бұзылған.

**Сұрақ:** Егер де космостық корабль осы қарқынмен ұшырылатын болса, онда планетадағы озон қабаты қанша жылда таусылады?

## 10. КӨГІЛДІР ПЛАНЕТАНЫҢ ҚАРА ТАҢБАСЫ (МҰНАЙ)

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың білімін жалпылау және жүйелендіру; мұнаймен ластанудың экологиялық салдарын және оны шешу жолдарын талқылау; оқушылардың өздерінің жалпы мәдени деңгейін көтеруге мүмкіндік беру

**Көрнекі құралдар** – проектор, экран (интерактивті тақта), тақырып бойынша презентация, бәлішке арналған алюминдік нысан немесе шыны ыдыс, май, 25 см шпигат, сабан түйіні, қорғаныш көзілдірігі, су

## **Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

«Адамзат баласы жерді көріктендіру керек» тақырыбы бойынша өтілген тақырыпты қайталау

Келесі сұрақтарға жауап беру:

1. Сіздер қоршаған ортаның ластануының қандай түрлерін білесіздер?

2. Радиоактивті сәулелену көздері?

3. Радиоактивті ластанудан топырақты тазалаудың Қандай әдістері бар?

4. Біздің планетаның озон қабатын бұзатындар?

### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру (1-слайд)**

**Мұғалімнің мәтіні** (2-слайд): Бүгінде мұнай – әлемдік тарихты жазатын сия. Дегенмен де, мұнай несімен қауіпті? Мұнаймен ластанудың қандай салдары бар? Бүгінде мұнайға не жатқызылады? Қазақстан әлемде мұнай қоры жағынан қаншасыншы орында? Слайдтағы ақпараттарға назар аударамыз. Өз дәптерлеріңе жазыңдар.

#### **Мұнай несімен қауіпті?**

3-слайдтан мұнайдың қауіптілігі туралымәлімет аламыз.

Тапсырма (4-слайд). Әлемдік су қоймаларының жылдық ластану алаңын анықтаймыз.

**Мұғалімнің мәтіні** (5-слайд): Келесі слайдқа өтіп Рамалық конвенциялармен танысамыз.

- Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2003 жылдың 4-қарашасында Каспий теңізінің теңіздік ортасын қорғау жөніндегі рамалық конвенцияны ратификациялау туралы заңға қол қойды.

- Бұл конвенцияның мақсаты биоресурстарды қорғауды, сақтауды, қалпына келтіруді, тұрақты және ұтымды пайдалануды қоса алғандағы Каспий теңізінің теңіздік ортасын ластанудан сақтау болып табылады.

- Конвенцияның басты ережесі принцип болып табылады, онда теңіз бассейніне жағымсыз әсер еткен тарап Каспий теңізінің теңіздік ортасының ластануының алдын-алу, бақылау және ластануды төмендету шараларын жүзеге асыру шығындарын төлейді.

**Мұғалімнің мәтіні** (6-слайд): Табиғатты қорғау үшін қажет: мұнай өнімдерін өңдеу және тасымалдау барысындағы апаттардың алдын-алу, өндірісте тұйық циклді пайдалану – суды пайдалану және т.б.

Тапсырма: басқа да мүмкін нұсқаларды көрсетіңіздер.

**Мұғалімнің мәтіні** (7-слайд): Сіздермен зертханалық жұмыс жасайық – мұнайдың төгілуінен теңізді тазартуымыз қажет. Мұғалім сұрақ қояды: Сіздердің пікірлеріңізше. Қоршаған орта үшін ең тиімді және зиянсыз тәсіл қандай?

**4. Үй тапсырмасы** (8-слайд):

«Теңіз мұнайдан қымбат» фразасымен келісесіз бе? Осы тақырыпта жоба жасап көріңіздер. Қорытынды жасай отырып, құрлық пен судың мұнаймен ластануын төмендету жолдарын көрсетіңіз.

## 11. АВТОКӨЛІК: ДОС ПА ӘЛДЕ ЖАУ МА?!

**Сабақтың мақсаты:** автокөлік сапасының жағымды және жағымсыз әсері туралы көзқарастарды қалыптастыру, оқушыларда қоршаған ортамен ұқыпты қатынасын дамыту.

**Көрнекі құралдар** - проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері), диаграмма, бесбаллдық шкала, кесте.

**Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Амандасу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру, бүгінгі сабаққа зейінін аудару, іске ынталандыру, жұмылдыру.

**2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

«Көгілдір планетадағы қара таңба (мұнай)» тақырыбындағы өтілген материалды қайталау

Бірінші топ мұнай қаншалықты қауіпті екендігін әңгімелейді. Екінші топ мұнаймен ластанумен күресудің негізгі тәсілдері туралы айтып береді.

**3. Жаңа тақырыпты меңгеру** (1-слайд):

**Мұғалімнің мәтіні:** Балалар, біз автокөлік адамдардың басым көпшілігінің негізгі қозғалыс құралы екендігін білеміз, дегенмен де, автокөлік қандай зиян әкелетіндігі туралы әңгімелесейік: Автокөлік адамның досы ма әлде жауы ма?

Бұрын осы сұраққа біртекті жауап беретін – әрине адамның досы! Себебі адам баласы өзіне зиян келтіретін құрал емес, өзінің игілігі үшін машинаны жасады. Сексенінші жылдарда көлік игілігінің ережелері оңай емес екендігі белгілі болды. Егер де әлем машиналарын әлем жануарларымен салыстыратын болсақ, онда автокөлік үй иттерінен озады – себебі ол адамның сенімді серігі! (2-слайд).

**Сұрақ**(3-слайд): Неліктен ірі қалаларда негізгі автокөлік магистралдарын қатар жобалау қажеттілігін түсіндіріңіз, неліктен жолдар көлденең негізгі қозғалыс бағыты бойынша жобаланбайды?

**Мұғалімнің мәтіні:** 4-слайдтағы диаграммаға назар аударамыз. Диаграммада көріп отырғанымыздай, қоғамдық транспортпен жеңіл автокөлік арасындағы баланс бұзылған. Автобусқа 25 және одан да көп адам отыруы мүмкін, ал жеңіл автокөлікке ең көп дегенде 5 адам ғана отыра алады.

Тапсырма (5-слайд):

1. Бұл жағдайды қалай өзгертуге болады.
2. Өзің тұратын қаладағы транспорт түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалаңыз. Ол үшін бесбаллдық шкаланы пайдалану керек.

#### **ТҮЙІН МҰҒАЛІМНІҢ МӘТІНІ:**

«Автокөлік адамның досы ма әлде жауы ма? Бұл өте даулы мәселе. Бір жағынан ол жауы себебі экология ілеспелі газдармен ластанады, көбіне автокөлік қауіпті аварияға ұшырау арқылы қазалы жағдайға алып келеді, екінші жағынан автокөліксіз тіршілік ету қиындау, себебі автокөлік қозғалыс құралы.

Сұрақ (6-слайд): Ал енді сіздің қалада транспорттың қандай түрі қоршаған ортаға ең көп қауіп әкеледі, ал қайсысының әсері керісінше аз?

Тапсырма (7-слайд): Есепті шығар. Неліктен автокөлік қаладағы ластаушы заттарды өндіруі жағынан көшбасшы ретінде саналуда?

#### **4. Үй тапсырмасы (8-слайд):**

Автокөліктің пайдалы және зиянды жақтарын кестеге жазып, қорытынды жасау.

## **12. ШУ ЖӘНЕ ШУМЕН ЛАСТАНУ**

**Сабақтың мақсаты:** Атмосфераның шумен ластануы және оның адам ағзасына әсері туралы мәселені қарастыру

**Көрнекі құралдар** – оқу кестесі, оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері).

#### **Сабақ барысы.**

##### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

## 2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

«Автокөлік: дос па әлде жау ма?» тақырыбында өткізілген материалды қайталау. «Транспорт түрі» кестесін жазбаша толтырғанын және берілген есепті тексеру.

## 3. Жаңа тақырыпты меңгеру (1-слайд)

**Мұғалімнің мәтіні:** Шу және шумен ластану не екенін біз білеміз. Оқушылар топтан екі-екіден шығып өңірдің шумен ластануының негізгі көздерін тізбектеп береді.

Шу туралы біздің білетініміз өте көп. Дегенмен де, шу – бұл жағымсыз естілетін қатты дыбыстар. Табиғатта шу өте әлсіз және ұзақ емес. Жапырақтың сылдыры, бұлақтың сыңғырлауы, құс дауысы, судың жеңіл ағысы, соқпа толқындар адамдарға жағымды әсер етеді. Мұндай дыбыстар адамдардың жүйке жүйесін тыныштандырады, күйзелісті алады, психологиялық жүктемеден арылтады. Көбіне бұлар емдік сауықтыру орталықтарын да, психологиялық күйден арылту кабинеттерінде қолданылады (2-слайд).

Ал енді 3-слайдтан шу түрлерімен танысамыз. Мысалы – әсері.

- Дыбыстық қолайсыздық, шындығында бұл дыбыс табиғатта емес антропогендік көздерден пайда болады. Өнеркәсіптік шу деңгейі өте жоғары.

- Көптеген жұмыстарда және шулы өндірістерде ол 90-110 децибел және одан да жоғары болады. Үйде де тыныш емес, себебі жаңа техника деп аталатын жаңа шумен ластану көздері бар.

- 130 децибелдегі дыбыс адамда ауруды тудырады, ал 150 дц кезінде адам оны көтере алмайды.

Мұғалім шумен ластану туралы сандық ақпараттарды көрсетеді (4-слайд).

Шу және шумен ластанудың қауіптілігі неде?

**Күшті ұзақ және әсіресе тұрақты шу – адамның және көптеген тірі ағзалардың жасырын және қауіпті досы.**

*Австриялық зерттеушілердің мәліметтері бойынша, «шумен ластану» бүгінде үлкен қалаларға тән, ол қала тұрғындарының өмір ұзақтығын 10-12 жылға қысқартады. Салыстырмалы түрде статистикаға көз жегірттер болсақ, темекі шегу адам өмірін орташа есеппен 6-8 жылға қысқартады екен. Осы жерден қорытынды жасауға болады, темекі шегуге қарағанда мегаполистердегі шудың адамға теріс әсері 36%.*

**Тапсырма** (5-слайд): Кесте мәліметтерін пайдалана отырып, би кешіндегі шу деңгейі 40 дБ құрайтын гигиеналық нормадан қаншалықты асып түседі.

<i>Шу көздері</i>	<i>Шу деңгейі, дБ</i>	<i>Азғаға шудың ұзақ әсер етуінің реакциясы</i>
Жапырақ, толқын шуы	20	тыныштандыратын
Пәтердегі, сыныптағы дыбыстың орташа күші	40	Гигиеналық норма
Ірі магистралда орналасқан ғимараттың іші	60	Тітіркену, сезімі, шаршау, бас ауруы байқалады
Теледидар	70	
Поезд метро	80	
Мотоцикл	90	
Дизельді жүк көлігі	90	
300м биікте ұшатын реактивті ұшақ	95	Есту қабілетінің жаймен төмендеуі, жабырқау, ашушаңдық, жара ауруы, гипертония
Мата-мақта фабрикасындағы шу	110	
Шойбалға	120	Ішімдік секілді шумен масаю, ұйқының және психикалық денсаулықтың бұзылуы, кереңдіктің пайда болуы.
25 м қашықтықта ұшатын реактивті двигатель	150	
Би кешінде	175	

**Тапсырма** (6-слайд): Мұғалім шумен ластанудан қалай қорғануға болатындығы туралы ақпараттарды береді. Ары қарай сіз қалай жалғастырасыз?

**Мұғалімнің мәтіні** (7-слайд): Шуды төмендету транспорт қозғалысын ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді:

- Өртүрлі деңгейдегі транспорттық жол айрықтарының құрылысы;
- Қозғалыс қарқынын төмендету;
- Транспорттық ағындағы жүк автокөліктерінің санын қысқарту, әсіресе түнгі уақытта;
- Көшеде біржақты қозғалысты ұйымдастыру;
- Транспорт тұралдарының шулы типтерін шуы аз түрлеріне алмастыру.

#### **4. Үй тапсырмасы (8-слайд).**

Өзіңіз тұратын өңірдегі шумен ластанудың негізгі көздерін сипаттаңыз.

## 13. ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАР

**Сабақтың мақсаты:** Тұрмыстық заттар және олардың адам ағзасына әсері туралы мәселелерді қарастыру

**Көрнекі құралдар** - оқу кестесі, оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері).

**Сабақ барысы.**

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

### 2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

«Шу және шумен ластану» тақырыбында өткізілген материалды қайталау. Үй тапсырмасын тексеру. «Шумен ластанудан қалай қорғануға болады?» сұрағына ауызша жауап беру және талқылау.

### 3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд)

**Мұғалімнің мәтіні:** Тұрмыстық заттар не екенін біздер білеміз. Оқушылар күнделікті қандай тұрмыстық заттарды пайдаланатыны туралы айтып береді. Дегенменде барлығы бірдей бұл заттардың адам денсаулығы үшін зияндылығын біле бермейді.

Адам баласының өз өмірінде қолданатын барлық заттары ғылыми тұрғыда тұрмыстық заттар деп аталады. Мысалы, синтетикалық жуғыш құралдар – бұл кәдімгі кір жуу ұнтақтары, ыдыс жууға арналған сабын-сулар, сабын, шаш сусабыны және т.б. (2-слайд).

**Мұғалімнің мәтіні** (3-слайд): Синтетикалық жуғыш құралдар – сумен топырақты ластайтын маңызды ластауыштардың бірі. Синтетикалық жуғыш құралдар мұнай өнімдерінен, майлардан және кейбір компоненттері арнайы өндірісте күрделі химиялық айналым барысында өндіріледі. Бүгінде жыл сайын ЖҮЗДЕГЕН МЫҢ ТОННА әртекті тауар өндіріледі. Бірақ олардың қоршаған ортаға әсері туралы ешкім ойлана бермейді.

**Тапсырма** (4-слайд): Ары қарай шағын ғана жазбаша жұмысты жасаймыз.

1. Үйде қолданатын тұрмыстық химия заттарының тізімін жазыңдар.

Адам өмірінде тұрмыстық химия заттары қандай орын алады, бұл заттардың қажеттілігі

Синтетикалық жуғыш құралдар	Қолданылуы



2. Адам өміріндегі тұрмыстық химия заттарының орынын анықтаңыз, оларды қолдану, осы заттардың қажеттілігі.

3. 2 бағаннан тұратын кестені толтыру: 1- пайдасы; 2 – тұрмыстық химия заттарын пайдалану зияны.

Пайдасы	Зияны

Тапсырма (5-слайд): Жұмыс дәптерінен біз пайдаланған материалды пайдалана отырып, рөлдік ойын ойнау, ол үшін сынып топтарға бөлінеді:

1. Қоршаған ортаны қорғаушылар
2. Өндірушілер
3. Сатып алушылар

Әрбір топ өз тұғырын қорғауға кіріседі: синтетикалық жуғыш құралы қажет пе жоқ па? Әрбір топ өз тұғыры жайында презентация жасайды.

Сұрақ (6-слайд): Осы ғылыми-техникалық жетістікке байланысты біз қандай нәтижелерге қол жеткіздік? Мысалы, компьютер, телефон. Тізімді жалғастырындар.

#### 4. Білімді бекіту (7-слайд):

Өтілген материалды қайталау. Сосын компьютерді қалай пайдалануға болады және компьютерде жұмыс істегенде дұрыс отыру ережелерін еске түсіреміз.



### 5. Үй тапсырмасы (8-слайд):

2 бағаннан тұратын кестені толтыру: 1- пайдасы, 2- тұрмыстық химия заттарын пайдалану зияны.

Пайдасы	Зияны
Компьютерде ойнау балалардың есте сақтау қабілетін және назар аудару қасиетін жақсартады, ұялы телефон тез арада байланысқа түсуге мүмкіндік береді.	Көзге жүктеме, дұрыс отырмау, сәулелену

## 14. ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ, ГМА ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША

**Сабақтың мақсаты:** тағамдық қауіпсіздік туралы, негізгі білімді беру, ГМА қжасалу және пайдалану мәселелерін зерттеу, әлемде ГМА таралуымен байланысты қауіптер мен биоқауіпсіздік, оң және теріс сапаны таразылау. Сыныпты екі топқа бөлу: «қолдаймын», «қарсымын» және шағын дебат жүргізу. Танымдық қызығушылықты, сөйлеу және ойлау мәнерін қалыптастыру.

**Көрнекі құралдар** - оқу кестесі, оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері), қалам, сызғыш

### **Сабақ барысы:**

#### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа келуін тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

#### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

«Таза ауа – денсаулық кепілі» даналы сөзін тыңдап, есте сақтау.

«Тұрмыстық заттар» тақырыбын қайталау. Сұрақтарға жауап бер.

1.Үйде қандай тұрмыстық химия заттарын пайдаланасыз? Оларды пайдалану деңгейі?

2. Тұрмыстық химия заттарын пайдаланудың оң және теріс әсері?

3.Тұрмыстық химия (техника) заттарының жағымды және теріс жақтарын есептеңдер.

4. Компьютер алдында дұрыс отыру ережесін еске түсіреміз.

### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру (1-слайд)**

**Мұғалімнің мәтіні** (2-слайд):

*Тамақтану үшін өмір сүру емес,  
Өмір сүру үшін тамақтану керек, ,  
Тамақ көп болған сайын, ауру да көп...*

*(Бенджамин Франклин)*

Біз немен қоректенеміз және соған бейімделеміз. Біз тұтынатын тағам өте маңызды сондықтан да тағамдық қауіпсіздік туралы ойлану да маңызды. Бүгінде ГМА туралы білу қажет, сондықтан бүгін біздер ГМА пайдаланудың оң және теріс жақтары туралы әңгімелейміз.

**Мұғалімнің мәтіні** (3-слайд): Тағам қауіпсіздігі – бұл қауіпсіз тамақ өнімдері деген сөз. Әлемде тамақ саласына, тамақ өндірісінің барлық кезеңдеріндегі тасымалдаушыдан алынатын шикізат қауіпсіздігіне басты назар аударылады. Тағам қауіпсіздігі жөнінде және оны дұрыс қолдану жөнінде қатаң халықаралық стандарт бар. Дегенмен, тамақ индустриясындағы ұйымдардың өмірлік қауіпсіздігі факторларының бірі тамақ өнімі қауіпсіздігі болып табылады.

**Сұрақ** (4-слайд): Әлемде барлық адамдарға тағам қауіпсіздігі қол жетімді ме? Сұраққа жауап беру.

**Мұғалімнің мәтіні**: 5-слайдтағы мәтінді оқу. Өз өңірлерінде аш балаларды көргендерің бар ма? Бұл балаларға біз қалай көмектесе аламыз? (6-слайд).

Мұғалім 7-слайдтағы гендік өзгеріске ұшыраған ағзалар туралы ақпараттармен таныстырады.

- ГМА – гендік инженерия барысында жасалған тірі ағза, тамақ өнімдері.

- Бұл үрдіс табиғи ресурстарды пайдалану дәрежесін төмендетеді. Әлемде гендік қайта өңдеу көмегімен тамақ өнімдері өндіріледі.

**Мұғалім мәтіні** (8-слайд):

Гендік инженерия қалай жұмыс жасайды?

Гендік инженерия бір түрдің ДНК бөлігі немесе генін алумен айналысады, мысалы алма, оны алып екінші бір заттың жасушасына, мысалы, апельсиннің жасушасына орналастырады.

Бірақ осы өнімнің қауіпсіз екендігіне ешкім кепіл бере алмайды. Сондықтан, көптеген елдер ГМА-ны өсіруге рұқсат беру немесе бермеу жөніндегі мәселелерді талқылауда

### **4. Білімді бекіту:**

1. Тағам өнімдеріндегі табиғи концентратты және идентикалық биологиялық белсенді заттарға қалай қарайсыз?

2. ГМА пайдалану қаупі қандай?

3. Гендік инженерия қалай жұмыс істейді?

**5.Үй тапсырмасы (9-слайд):**

Кестені толтыру: гендік-өзгеріске ұшараған ағзалардың оң және теріс жақтары. (эколог, экономист және әлеумет мамандарының көзқарастары тұрғысынан осы сұрақтарды қарастыру).

## 15. БІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫМЫЗ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

**Сабақтың мақсаты:** Оқушылардың білімдері мен тәжірибелерін ескере отырып, адам өміріндегі дәрілік құралдардың рөлі туралы білімдерді беру. Танымдық қызығушылықтарын, есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Біздің денсаулығымыз өз қолымызда екені жайында түсінікті қалыптастыру.

**Көрнекі құралдар** –проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері), слайд (тақырып бойынша суреттер)

**Сабақ барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

**2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру**

«Таза ауа – денсаулық кепілі» даналы сөзін тыңдап есте сақтау.

Сұрақтарға жауап бер:

1. Әлемде барлық мекен ететін адамдар қауіпсіз тағамға қол жеткізе ала ма?

2. ГМА «оң» және «теріс» әсері туралы әңгімелеу.

3. Қандай өнімдер гендік өзгеріске ұшырағанын білесіздер ме?

**3. Жаңа тақырыпты меңгеру (1-слайд)**

**Мұғалімнің мәтіні** (2-слайд): Дәрі – емдеу үшін және аурудың алдын-алу үшін қолданылатын құрал. Әрбір дәрі медициналық тәжірибеге ендірілер алдында ең алдымен жануарларға, сосын барып –клиника жағдайында эксперимент жасалынады. Қазіргі медицина көптеген дәрілік құралдарды пайдаланады.

**Сұрақ** (3-слайд): Дәрілерді қалай пайдалану және қолдану керек екендігін білесіз бе?

**Мұғалімнің мәтіні** (4-слайд): Олармен байланыс жасаудың кеңестерімен таныстыру:

- кейбір дәрілер ағза үшін қауіпсіз, олар ағзаға уытты әсер етпейді.

- дәрумендер дәрі болып саналмайды. Олар ағзадағы әртүрлі алмасу үдерістерін тұрақтандырады. Оларды шектен тыс пайдалану зиян және жетіспеушілігі де ағзаны ауруға шалдықтырады.

- таблеткаларды міндетті түрде шайнау керек. Бұл тұжырым тек кәдімгі таблеткаларға ғана қатысты, егер таблетка арнайы қаптамамен қапталса, оны шайнауға болмайды.

- дәріні сумен ішкен дұрыс.

Бірақ көп жағдайда «дәрі қымбат болған сайын оның сапасы да жоғары» деген тұжырым қалыптасқан. Көбіне дәрілік препараттың құны өндіруші елге байланысты.

Еске сақталған даналы сөзді қайталау

Сұрақтар (5-слайд):

1. Дәрілік препараттар, таблеткалар неден жасалынады?

2. Қандай дәрілік өсімдіктерді сендер білесіңдер?

Олар туралы не айта аласыңдар?

**Мұғалімнің мәтіні:** Шырғанақ (6-слайд). Шырғанақ (Hipporhae) «хан жемісі» деген атпен де аталады. Шырғанақ тұқымы ерте кезден-ақ емдік сусындар, варенье дайындау үшін қолданылған.

Шырғанақ тұқымы витаминдерге (C, E, B1, B2, B6, B9, K, PP, каротин), ақуызды заттарға, қантқа, молықтырылған майлы және органикалық қышқылдарға өте бай. Шырғанақта C дәрумені рекордтық көрсеткіште (цитрусты өсімдіктерге қарағанда бірнеше есе жоғары), ал E дәруменінің құрамы бидай майына қарағанда екі есе жоғары.

Шырғанақ тұқымынан экстракт алынады, ол косметологияда пайдаланылады. Шырғанақ экстракты құрамынан тұратын сусабын немесе тіс пастасын кездестірген боларсыңдар? Дәрілік құрал ретінде өсімдікті пайдаланып көрдіңіз бе?

Алоэ (7-слайд). Алоэ отаны – Оңтүстік Африка, мұнда бұл өсімдік ағаш түрінде өседі. Дегенмен де, бөлме мәдениетінде кеңінен қолданылуда (барлық елде және Қазақстанда).

Алоэ жапырақтары сулы, жапырақты, қылыш түрінде, ұзындығы 50 см жетеді, сабақты, шетінде ірі шеміршекті тістері бар.

Медицинада жаңа жапырақтары пайдаланылады, ол өсу барысында үзіліп алынады. Алоэ шырыны көптеген ферменттер мен дәрумендерге бай.

Зерттеулер көрсеткендей, алоэ құрамында аспиринге ұқсас зат бар екендігі анықталды.

Ал сіз алоэны емдік мақсатта пайдаландыңыз ба?

Дәрілік бақбақгүл (8-слайд). Бақбақгүл – көпжылдық шөпті өсімдік. Бақбақгүл шалғында, шөпті жартастарда, орманды жазықтарда, үй ма-

нында, бақтарда, жол бойында өседі. Арамшөп ретінде егістермен бауларда кездеседі.

Медицинада бақбақгүлдің тамыры қолданылады. Оның құрамында стерин, инулин (40% дейін), қант (20% дейін), алма қышқылы, шайыр бар. Тамыры көктемде, сәуір айында және күзде қыркүйек және қазан айларында дайындалады. Ашық ауада алынғаннан кейін бақбақгүл үй төбесінде кептіріледі. Құрғақ тамырдың иісі болмайды. Дәмі – ащылау.

Бақбақгүл тамырынан жасалынған тұндырма (1 шәй қасыққа стакан қайнаған су құяды) аппетитті ашу үшін, терлететін және ыстық түсіретін құрал, жеңіл іш өткізетін және өт айдайтын құрал ретінде пайдаланылады.

Сұрақ (9-слайд): Сіз тұратын аймақта қандай дәрілік өсімдіктер өседі?

#### **4. Үй тапсырмасы.**

Маңғыстау облысында қандай дәрілік өсімдіктер өседі, қысқаша түрде жазып беріңіз (Үстірт қорығының өсімдіктерін пайдалануға болады)

## **16. ЖАБАЙЫ ЖӘНЕ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ**

**Сабақтың мақсаты:** Жабайы және үй жануарлары бір-бірінен қалай ерекшеленетінін білу. Олардан қалай сақтану керек және оларды қалай қорғау керек.

**Көрнекі құралдар** – оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері), слайд (тақырып бойынша суреттер)

#### **Сабақ барысы.**

##### **2. Ұйымдастыру кезеңі.**

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

##### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.**

«Біздің денсаулығымыз өз қолмызда» деп аталатын өтілген тақырыпты қайталау. Бір топ дәрі дегеніміз не және оларды қалай пайдалануға болатындығы жайында айтса, екінші топ дәрілік өсімдіктер жайында айтады.

##### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд).**

Сұрақ (2-слайд): Жануар дегенді қалай түсінесіңдер?

Оқушылар тапсырманы жазбаша орындайды, алынған қорытындыны талқылайды.

**Мұғалімнің мәтіні** (3-слайд): Жануарлар – фауна өкілдері, тірі ағзалар, дайын органикалық өніммен қоректенеді және белсенді қозғалуға қабілетті.

**Тапсырма** (4-слайд,5): Жұмбақты шешіндер.

Ал енді қандай жануарлар жабайы және үй жануарына жататынын және олардың арасындағы айырмашылықты білейік.

**Мұғалімнің мәтіні:** Жабайы жануарлар өздеріне тағамды тауып жейтін, жауларынан қорғанатын, өздері түнейтін орынды тауып, ұрпақ өсіретін жануарлар. Ал үй жануарлары – оларға адам баласы көмектеседі, тамақтандырады, тұратын жылыжер дайындайды, олардың еттерін, сүгін және жүнін пайдаланады. Жабайы жануарларды күшпен ұстауға болады бірақ олардың үйреніп кетуі екіталай. Жануарлар үшін адамзат баласы дос әрі жауы болуы мүмкін, сондықтан, жануарлардың бірқатар түрлері қымбат бағаланатындықтан, мысалы: пілдің ұзын таяқ тісі, кейбірінің жүндері (шиншилла, құндыз) және т.б. саны жылдан-жылға азаюда. Сол себепті, оларды сақтау үшін ұлттық паркетр, қорықтар ұйымдастырылған. Жойылып бара жатқан және аз санды жануарлар Қызыл кітапқа енгізілген.

**Тапсырма** (6-слайд): Жұмбақтағы жануарларды екі топқа бөліңдер.

**Сұрақ**(7-слайд): жабайы және үй жануарларының айырмашылығы неде? Пікірлерінді дәптерге жазыңдар.

Ал енді 8-слайдтағы жұмбақты тауып, кроссвордты шешеміз.

**Тапсырма:**

1. Маңғыстау облысын қандай жануарлар мекендейтінін жазыңыз? (9-слайд).

2. Сіз білесіз бе? Өзіңіз жасаған тізімдегі жануарлардың қайсысы Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген? (10-слайд).

3. Сіздің өңірдегі жануарлардың жойылуының тікелей және жанама себептерін атап жазыңыздар.(11-слайд).

4. Адамның жануарлар әлеміне жанама әсерін төмендету туралы іс-шараларды ұсынып, жазыңыздар. (12-слайд).

**4. Білімді бекіту:**

Бүгінгі өткізілген материалды қайталау.

**5. Үй тапсырмасы** (13-слайд):

Жануарлардың қандай түрлері Қызыл Кітапқа енгізілген және неліктен? Қызыл кітап негізінде он сұрақты-жауаптан тұратын кроссвордты құрастыру.

## 17. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

**Сабақтың мақсаты:** Маңғыстау өңірінің суын, топырағын, жануарларын қорғау туралы өтілген материалдарды жинақтау және нығайту .

**Көрнекі құралдар** - оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері). Оқушыларды екі топқа бөлу

**Сабақ барысы.**

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Журнал бойынша оқушылардың сабаққакелуін түгендеу. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

### 2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.

«Біздің денсаулық өзіміздің қолымызда» тақырыбындағы материалдарды қайталау

Сұрақтар:

1. Денсаулықты қорғауда еңбек және демалыс режимі қандай рөл атқарады?

2. Антибиотиктерді дұрыс емес бақылаусыз пайдалану себебі неде?

Ал енді бір топ дәрі деген не және оларды дұрыс пайдалану кеңестері туралы айтса, екінші топ дәрілік өсімдіктер жайында әңгімелейді.

### 3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд).

**Мұғалімнің мәтіні:** Денсаулық туралы айта отырып, біздер оның қоршаған ортамен өзара тығыз байланысын да ескеруіміз керек. Қоршаған ортаны сақтауға деген қамқорлық өз денсаулығыңды сақтаудың да кепілі.

Тұрғын пункттердегі атмосфераның автокөліктің ілеспелі газдарымен ластанғанын сіз білесіз.

**Тапсырма** (2-слайд): Ал енді сіздің қалада автокөлік қаншама зиянды газдарды шығаратынын есептеп көріңіз. Алдымен 30 минут ішінде мектепке жақын екі жақты жолдардан өтетін машинаны санау керек, егер де орташа есеппен барлық автокөліктер сағатына 60 км жылдамдықпен жүретін болса. Осы уақыт аралығында олар атмосфераға қанша газдарды шығарады: улы газ, азот оксиді, бензин.

3-слайдтағы кесте мәліметтерін пайдалану керек.



*Ластаушы заттардың шығарындылары, г/км.*

Автокөлік типі	Двигатель типі	Улы газ	Бензин	Азот оксиді
Жеңіл	Ішкі жану	30	2	3
жүк	Ішкі жану	70	8	7
жүк	Дизельді	10	3	6

*Есепті орындау мысалы:*

Автокөлік саны  $n=20$ . Оның әрбірінің жарты саға тішінде жүретін жолдары  $S=30$  км.

Улы газ массасын келесі формуламен табамыз:

$$m = S \cdot R_{CO} \cdot n = 30 \text{ км} \cdot 30 \frac{\text{г}}{\text{км}} \cdot 20 = 18\,000 \text{ г} = 18 \text{ кг}$$

Олай болса, барлық автокөліктер 30 минут ішінде атмосфераға 18 кг улы газды шығарады.

Жыл сайын су бассейндері химиялық және органикалық заттармен ластанады, соның бірі мұнай.

**Мұғалімнің мәтіні** (4-слайд): Мұнай – теңіз және мұхит суларын ластайтын қауіпті және тұрақты ластауыштардың бірі. 2004 жылы Каспий теңізіне 33,5 мың тонна мұнай түскен. Судың жоғары бетінде түзілген мұнайлы дақтың ауданын есепте, 1 тонна мұнай төгілу нәтижесіндегі дақты ауданды есептеу 12 км<sup>2</sup> тең.

**Тапсырма** (5-слайд): Қоршаған ортаны шудың ластайтындығын білесіздер ме? Ғимараттағы шу деңгейінің гигиеналық нормаға сәйкестігін тексеріп көрейік. Мысалы, осы кестені пайдалана отырып ғимарат ішіндегі шу деңгейін анықтаңыз, мысалы, теледидар қосылғанда гигиеналық нормадан артып 40 дБ құрайды (Түсініктемені «шу және шумен ластану» тақырыбынан алуға болады).

<i>Шу көздері</i>	<i>Шу деңгейі, дБ</i>	<i>Шудың әсер ету ұзақтығының азғаға реакциясы</i>
Жапырақ, толқын шуылы	20	Тыныштандыратын
Пәтер мен сыныптағы дыбыстың орташа күші	40	Гигиеналық норма
Ірі магистраль жанында орналасқан ғимарат іші	60	Бас ауруы, шаршау, қалжырау, мазасыздану пайда болады
Теледидар	70	
Метродағы поезд	80	
Мотоцикл	90	
Дизелді жүк көлігі	90	

Тапсырма (6-слайд): Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

Қай жануар ең алғашқы рет үй жануары болған?

- Мысық
- Түйе
- Ит

Қайсысы ауыр жүк тасымалдағыш?

- Түйе
- Ит
- Жылқы

Жылқы жасын қалай анықтайды?

- Құйрығының ұзындығы бойынша
- Тісі бойынша
- Тұяқ формасы бойынша

Қай мемлекетте сиыр киелі жануар болып саналады?

- Египетте
- Үндістанда
- Англияда

Неліктен тауықтар майда тастарды жұтады?

- Аштықтан
- Ол тағаммен бірге байқамай жұтады
- Тағамды дұрыс майдалау үшін

Тапсырма (7-слайд): Сіз тұратын аймақта қорғалатын зона бар ма, ол қайда орналасқан, онда қандай өсімдіктер мен жануарлар қорғауға алынғанын анықтаңыз

### **5. Үй тапсырмасы (8-слайд):**

Сұрақ-жауап анкетасын жасау арқылы, тұрғындар мен мектеп оқушыларының қызыл Кітапқа енгізілген және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар туралы білімдерін тексеру.

## **18. ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ**

**Сабақтың мақсаты:** Адам ағзасына еңбек жағдайы қалай ықпал ететіндігін қарастыру

**Көрнекі құралдар** - оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері). Оқушыларды екі топқа бөлу

### **Сабақ барысы.**

#### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Журнал бойынша оқушылардың сабаққакелуін түгендеу. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

## 2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.

«Жабайы және үй жануарлары» тақырыбында өткізілген материалды қайталау. Бірінші топ үй жануарлары туралы әңгімелесе, екінші топ жабайы жануарлар туралы айтып береді.

## 3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд).

**Мұғалімнің мәтіні:** Жұмыс орнындағы еңбек жағдайы адамның ағзасына оң және теріс те әсер етуі мүмкін. 2 слайдтағы суреттен көріп отырғанымыздай, офистегі адам, жарықтандыру, жел, ылғалдылық, шаң, шу, түс және ауа секілді оны қоршаған физикалық факторлар.

**Мұғалімнің мәтіні** (3-слайд): Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының бағалауы бойынша, өндірістік емес сипаттағы ғимараттарда адам өз уақытының 60-80%-н өткізеді. Сарапшылар мынадай қорытындыға келді: «ғимараттан тыс ауа сапасына қарағанда әртүрлі құрылыстар мен ғимараттың ішкі ортасына тән ауа сапасы адам денсаулығы мен оның қолайлы өмір сүруіне жағдай жасайды». Тұрғын-үйдің ауасының сапасына ықпал ететін факторларды атаңыздар.

**Тапсырма** (4-слайд): Келесі нормативтерді пайдалан отырып өз сыныбыңның санитарлық жағдайын осы факторлар бойынша бағала: *Сынып бөлмесінің көлемі:* ауданы - 50 м<sup>2</sup>, биіктігі – 3 м

*1 оқушыға келетін норма:* ауданы – 1,25 м<sup>2</sup>, көлемі – 3,75 м<sup>3</sup>.

*Орташа температура* 20-20°C (бөлме ортасында өлшенеді, сыртқы және ішкі қабырғалардың биіктігі еденнен 1,5 м ).

*Табиғи жарықтандыру:* келесі формула бойынша жарық коэффициентін (ЖК) анықтау керек:

$$ЖК = \frac{\text{терез ауданы}}{\text{бөлме ауданы}}$$

**Тапсырма** (5-слайд): ЖК нормасы: оқу сыныптарында 0,25, спорт зал мен асханада 0,17.

*Жасанды жарықтандыру:* келесі формула бойынша жасанды жарықтандыру (ЖЖК) анықталады:

$$ЖЖК = \frac{\text{жарық саны} \times \text{жарық қуаттылығы}}{\text{бөлме ауданы}}$$

ЖЖК 40 Вт/м<sup>2</sup>- тен кем емес

*Сынып ауасының шаң-тозаңдануы* (күшті және әлсіз).

Сызу керек.

**Тапсырма** (6-слайд): Ары қарай қысқаша ғана... *Бөлменің желдетілуі:* келесі формула бойынша аэрация коэффициентімен (АК) анықталады:

$$AK = \frac{\text{жаздетку ауданы}}{\text{бөлме ауданы}}$$

АК нормасы: сыныпта 0,02-ден кем емес, басқа бөлмелерде 0,0018-ден кем емес.

Ауаның оңтайлы қатысты ылғалдылығы 30-60%.

Сыныптағы бөлме өсімдіктерінің саны және оның жағдайы (жақсы немесе нашар).

Сынып бөлмесіндегі тазалық.

Сынып бөлмесіндегі шу (күшті немесе әлсіз).

#### 4. Үй тапсырмасы (7-слайд):

Кестені толтырыңыз: бірінші бағанға берілген нормамен сәйкес факторларды көрсетіңіз, ал екінші бағанға санитарлық нормадан ауытқу факторларын көрсетіңіз, үшінші бағанға – санитарлық норманың бұзылу себептері мен оны жою туралы шаралар.

1	2	3

## 19. МЕКТЕП

**Сабақтың мақсаты:** «Мектеп деп біз нені түсінеміз?», « Мектеп деген не?» – деген сұрақтарды қарастыру.

**Көрнекі құралдар** – оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті тақта), оқулық (жұмыс дәптері). Оқушыларды екі топқа бөлу

### Сабақ барысы:

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа қатынасуын тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

#### 2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

«Жұмыс орнындағы еңбек жағдайы» тақырыбында өтілген тақырыпты қайталау. Жұмыс орнындағы еңбек жағдайына нелер кіреді? Ең алдымен неге басты назар аудару керек? Қызметкерлердің, оқушылардың еңбекке қабілеттілігіне жұмыс орнының санитарлық-гигиеналық жағдайы қалай ықпал етеді?

Дегенмен де, табысты еңбек ету үшін физикалық жағдайлардан басқа ең маңызды сенім және құрмет деп аталатын қалыпты психология-

лық көңіл күй керек. Бұл көңіл-күйді қайда сақтауға болады. Әрине, мектепте.

Әрбір оқушы кезекпен мектеп деген не, мектеп қандай мүмкіндіктерді береді, мектепте білім алу барысында қандай жақсы және жағымсыз әсерлерді байқауға болады деген сұрақтарға жауап береді.

### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд)**

**Мұғалімнің мәтіні:** Біз білеміз мектеп оқушы үшін екінші үй. Мектеп - білім алып қана қоймай, интеллектуальды, рухани, эмоциональды болып тәрбиелейтін білім ордасы.

Ал енді 2 слайдтан мектеп дегеннің не екенін білеміз және ынтымақтастық, құрмет және сенім принциптеріне тоқталамыз. Оқу құралының екі алғашқы абзацтарындағы ақпараттармен танысқан екі оқушы негізгі мағынасын қайталап айтады.

- *Мектеп – балалардың міндетті бастапқы білім алуына арналған оқу-тәрбиелік ұйымы.*

- *Мектеп – бұл қарапайым әрі күрделі форма. Мектепте оқидытындар мен мектепте жұмыс істейтіндер үшін – мектеп - ең қызықты кезең деп есептеуге болады*

- *Мектеп– бұл оқитын және оқытатын жандардың бір-біріне жақын әрі бауыр басып қалуына жағдай жасайтын ғимарат.*

Сұрақ (3-слайд): Сіз қалай ойлайсыз, мектеп деген не?

**Мұғалімнің мәтіні** (4-слайд): Мектеп –бұл білім алатын, интеллектуалды, рухани, эмоционалды тәрбие беретін білім ордасы.

Мектеп бізге білім береді. Одан басқа тағы да қандай мүмкіндіктерге жол ашады? 5 слайдқа назар аударайық.

*Ынтымақтастық принципі, құрметтеу және сенім принциптері деген не?*

Ынтымақтастық принципі:

- *Үлкен және кіші баланың жеке сапасын білу және ескеру;*
- *Әр адамның компетенттілігін, инициативасын, жауапкершілігін бағалау;*
- *Үлкен және кіші балалардың бастамасын, шығармашылық қабілетін, дамыту және қолдау, мектеп ұжымында оны қолдана білу.*

Сенім және құрметтеу принципі:

- *Адамның өзін-өзі және басқаларды құрметтеуі;*
- *Бір-бірін құрметтеу арқылы еркін сенімділік ортасын құру;*
- *Өзімшілдік пен қарама-қайшылықтан бас тарту және бір-бірімен ұқыпты қарым-қатынас жасау.*

### **4. Білімді бекіту:**

Бүгін өткен материалды қайталау.

Тағы да қандай принциптерді қоса аласыз?

#### **5. Үй тапсырмасы (6-слайд):**

Сіздің сыныбыңызда әр оқушы тәулігіне қанша шаң-тозаң жұтады, егер де жұтылатын ауа көлемі 0,5 л, дем алу-дем шығару ұзақтығы 5 с, ал 1 м<sup>3</sup> ауада 10 000 шаң-тозандар бар.

## **20.МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Сабақтың мақсаты:** Маңғыстау облысының мәселелерімен оқушыларды таныстыру және оның себептері мен шешу жолдарын қарастыру.

**Көрнекі құралдар** - оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері). Оқушыларды екі топқа бөлу

#### **Сабақ барысы.**

##### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа келуін тексеру. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

##### **2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.**

«Мектеп» тақырыбындағы өтілген материалды қайталау. Топтан екі оқушы мектеп туралы, оның беретін мүмкіндіктері жайлы және мектептегі білімнің оң және теріс жақтары жайында айтып береді.

##### **3. Жаңа тақырыпты меңгеру(1-слайд).**

**Мұғалімнің мәтіні** (2-слайд): Өз ауданыңыз жайында не айта аласыз? Ол қайда орналасқан? Ауа-райы қандай? Қандай экологиялық мәселелер бар?

##### **Мұғалімнің мәтіні** (3-слайд):

Өнеркәсіп пен транспорттың өсуі, мұнай мен газды өндірудің артуы Каспий теңізінің қайраңында зерттеушілік және пайдалану бұрғылау жұмыстарын жүргізуде жаңа технологияларды қолдану, мұнай өнімдерін жабдықтау, кәсіпорын қалдықтарының жинақталуы және тағы да басқа факторлар аймақтың экологиялық жағдайын төмендетті.

Маңғыстау облысының барлық аумағының табиғи-климаттық жағдайы қолайсыз аридтік зонаға жатады. Жоғары күн радиациясы, шаң-тозандардың ауаға көтерілуі, жылдық және тәуліктік температураның лезде өзгеруі, жауын-шашынның аз болуы қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс ықпал етеді.

Тапсырма (4-слайд,5): Жеке бөліктер бойынша табиғи қоршаған ортаның компоненттерін қарастырайық,: ең алдымен топырақтан бастайық. Облыс аумағында топырақ түзілуінің шөлді типіне жататын қоңыр және күлгін қоңыр топырақтар кең таралған. Бұдан басқа Сіз тағы да нені қосасыз

Неліктен біз топырақтан бастадық. \_\_\_\_\_

Топырақ жамылғысының жағдайымен сіздің аймақтағы экологиялық мәселелердің күрделілігі тікелей байланысты. Экологиялық дағдарыс жайында айтқанда, барлығы ең алдымен атмосфераның ластануына, су ресурстарының ластануына назар аударады да, топырақтың бұзылуы туралы естеріне сирек түсіреді. Ал топырақ қоршаған табиғи ортаның басты компоненті! Сіз қалай ойлайсыз, неліктен топырақ тірі ағза мен адам үшін маңызды?

Мұғалімнің мәтіні (6-слайд): Біз топырақты қарастырып жатқандықтан, қалдықтар туралы да қысқаша тындап көрелік.

Маңғыстау облысы аумағында 200 млн. тонна өнеркәсіптік қалдықтар, 105 млн. тоннаға жуық токсинді қалдықтар, 8,5 млн. тоннаға жуық пайдалы қазбаларды өндіру барысында пайда болған қалдықтар орналастырылған. Жағдайы нашар үйінділер 469 га жерді, оның ішінде Ақтау қаласында - 145 га, Жаңа-Өзен қаласында – 102 га, Форт-Шевченко қаласында – 84 га және т.б. жерлерді алып жатыр. Токсинді қалдықтарды қоймалау адам денсаулығына теріс ықпал етіп отыр.

Тапсырма (7-слайд): Ойланыңыз және сіздің аймақтағы топырақ мәселесін қалай шешуге болатынын жазыңыз (еске түсіру үшін өтілген қалдық, топырақ жайында өтілген материалдарды қайталауға болады):

Тапсырма (8-слайд): Бірінші топ 1 және 2 мәселелерін шешу жолдарын жазады. Ал екінші топ 3 және 4 мәселелерін шешу жолдарын жазады.

1 Атмосфералық ауамен байланысты мәселелер

2 Су ресурстарымен байланысты мәселелер

3 Биоалуандылықпен байланысты мәселелер

4 Қалдықтармен байланысты мәселелер

#### **4.Білімді бекіту:**

Өтілген материалды қайталау. Қандай принциптерді қоса аласыз?

#### **5.Үй тапсырмасы** (9-слайд):

Өзіңіз тұратын өңірдің мәселелері туралы қысқаша хабарлама жазыңыз. Оны шешудің мүмкін жолдарын атап көрсетіңіз.

## 21. ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

**Сабақтың мақсаты:** қоршаған ортадағы адамның экологиялық сауатты мінез-құлығын қалыптастыруға тәрбиелеу және Маңғыстау облысының мәселелерінің себептерін түсінуге және оны шешу жолдарын қарастыруға дайындау және қорытынды жасау

**Көрнекі құралдар** - оқушылардың жұмыс дәптері, проектор және экран (интерактивті такта), оқулық (жұмыс дәптері). Оқушыларды екі топқа бөлу

**Сабақ барысы.**

### 1. Ұйымдастырушылық кезең.

Журнал бойынша оқушылардың сабаққа келуін түгендеу. Сынып бойынша кезекшіге оқушылардың сабаққа дайындығын (оқуға қажетті заттарының бар болуы) тексеруді, оқушыларды топ бойынша отырғызуды тапсыру.

### 2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру

«Маңғыстау облысының мәселелері» тақырыбындағы өтілген материалды қайталау. Маңғыстау облысының мәселелерінің басты себептерін және оларды шешу жолдарын тізбектеу.

**Мұғалімнің мәтіні** (2-слайд): Ал енді алған білімімізді қорытындылау үшін *«Мен біздің жердің сұлулығынан артық ештеңе білмеймін»*, деген тақырыпта әңгіме бастайық.

**Тапсырма** (3-слайд): Адамның дәстүрлі өмір деңгейіне табиғат жағдайлары қалай ықпал ететіндігін қарастырайық. Ол үшін төмендегі кестені толтырып, өзіңе қажетті қорытындыны жаса:

Аумақ атауы, халық тобы	Табиғат жағдайларының ерекшелігі (қолайлы немесе қолайсыз)	Өмір сүру шарты (- негізгі істері, негізгі тамақ өнімдері, киім неден жасалды, тұрғын үйлер қайда орналасқан, тасымалдау құралдары)	Шаруашылық іс-әрекеттері	
			Тарихи тұрғыдан қалыптасқан	Қазіргі уақытта
Ақтау қаласы				
Алматы қаласы				
Астана қаласы				



Тапсырма (4-слайд):

**Каспий теңізі бойынша, есепті шешу.** Жаңа сандарды өзін үшін біліп ал: Каспий теңізінің суы 5 елдің жағалауларын алып жатыр. Түркіменстанға жағалаудың 21%, Әзірбайжанға – 20%, Ресейге – 16%, Иран Ислам Республикасына Ресейге қарағанда кем, яғни 2 %, қалған жағалау бөлігі Қазақстан үлесіне тиеді. Сонда Қазақстан үлесіне қанша пайызы тиесілі.

**4. Білімді нығайту:**

Өтілген материалды қайталау. Қандай принциптерді қоса аласыз?

Мұғалім «Қоршаған ортада адам өзін қалай ұстау керек» жобасына қатысуға шақырады (5-слайд):

- Қоршаған табиғи ортадағы адамның экологиялық сауатты мінез-құлығы ережелерін әзірлеңіз.

- «Әрбір адам қоршаған ортада өзін қалай ұстау керек және неліктен» тақырыбында төменгі сыныпта оқитындармен сабақ жүргізуге дайындалу және өткізу.

**Мұғалімнің мәтіні:** Осы курстың барысында өздеріңді қоршаған табиғи орта туралы, Коммонер заңы туралы, біздің планетаны қалай сақтау керектігі жайында білдіңіздер, сондықтан қоршаған ортаны сақтау осы планетада тұратын әрбір адамнан басталады.



**Учебно-методическое пособие**

# **«Экология окружающей среды»**

**для средних классов средней школы**

**Ақтау 2016**

**УДК 373.167.1:502.1 (075.3)**  
**ББК 20.1я72**

**Экология окружающей среды:** Учебно-методическое пособие для средних классов средней школы/. Актау: 2016.

**ISBN 978-601-239-451-1**

Учебно-методическое пособие для средних классов средней школы «Экология окружающей среды» подготовлено на основе программы непрерывного образования в сфере устойчивого развития и охраны окружающей среды для Мангистауской области на 2010 – 2015 гг.».

Пособие предназначено учителям средней школы для подготовки и проведения уроков, выбора эффективных педагогических приемов через платформу СУД (способов умственных действий, т.е. способов, осуществляющих мышление) в целях формирования экологических знаний, умений, навыков учащихся.

Учебно-методическое пособие содержит информационно-развивающие дидактические задания, которые помогут учителю организовать мероприятия, урочную и внеурочную деятельность. Оно содержит краткое описание методических рекомендаций в рамках инновационных педагогических технологий, которые способствуют развитию системного мышления учащихся, формированию у них экологического мировоззрения, развитию познавательного интереса.

Данное пособие может быть полезно учителям средних школ, колледжей, интересно всем, кого волнуют инновационные педагогические технологии и проблемы формирования экологического сознания.

Учебно-методическое пособие для средних классов средней школы «Экология окружающей среды» разработано ОФ «Центр «Содействие устойчивому развитию» по заказу и при поддержке ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области».

**УДК 373.167.1:502.1 (075.3)**

**ISBN 978-601-239-451-1**

© ОФ «Центр «Содействие устойчивому развитию», 2016

**Программа учебно-методического пособия  
«Экология окружающей среды»  
для средних классов средней школы**

**ТЕМАТИЧЕСКИЙ ПЛАН**

<b>№</b>	<b>Наименование темы</b>	<b>Неделя</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
1	Организм и окружающая среда	1
2	Воздух, ты - сама жизнь!	2-3
3	Без воды нет жизни	4-5
4	Почва нашего края	6
5	Итоговое занятие	7
6	Отходы в доходы!	8-9
7	Радиация	10
8	Космос: Сегодня! Завтра?	11
9	Итоговое занятие	12
10	Черное пятно голубой планеты (нефть)	13-14
11	Автомобиль: друг или враг?	15-16
12	Шум и шумовое загрязнение	17-18
13	Предметы быта	19
14	Пищевая безопасность, а также немного о ГМО	20-21
15	Наше здоровье в наших руках	22
16	Дикие и домашние животные	23
17	Итоговое занятие	24
18	Условия труда на рабочем месте	25-26
19	Условия труда в школе	27
20	Проблемы Мангистауской области	28-29
21	Итоговое занятие	30

**СОДЕРЖАНИЕ КУРСА**

**1. Организм и окружающая среда**

Что такое окружающая среда? Взаимосвязь компонентов окружающей среды. Роль человека в окружающей среде.

*Практическая работа:* Изучение «Правил поведения в окружающей среде». Дополнение списка «Правил поведения». Изучение схемы «Окружающая среда». Привести примеры и объяснить, для чего челове-

ку и его будущему необходимы знания об окружающей среде? Привести выводы на тему «Роль человека в мире».

## **2. Воздух, ты сама жизнь**

Что такое воздух? Состав воздуха. Процесс фотосинтеза. Источники загрязнения атмосферного воздуха. Главные факторы, усиливающие загрязнение воздуха?

*Практическая работа:* Изучение диаграммы состава воздуха. Обсуждение темы: «Почему сокращается доля кислорода в атмосфере и можно ли считать виноватым в этом человеческую деятельность?» Определение по картинкам основных источников загрязнения атмосферного воздуха. Описание ситуации Мангистауской области по качеству воздуха. Оформление проекта «Чистый воздух Мангистауской области».

## **3. Без воды нет жизни**

Что такое вода? Состав воды. Водная масса мира. Вода, как часть всего живого на Земле. Что такое пресная вода? Сколько литров воды нужно человеку для ежедневного потребления?

*Практическая работа:* Изучение состава воды. Посчитать сколько литров воды тратится в семье. Ответить на вопросы – как в домашних условиях можно экономить воду? Что дает экономия воды для семьи, общества и окружающей среды?

## **4. Почва нашего края**

Почва, как особый природный ресурс. Функция почв. Виды почв. Разрушение почв. Причины разрушения почв. Как можно защитить почвенный слой.

*Практическая работа:* Заполнить табло, изучая представленные схемы по защите почвы. Определение видов почвы Казахстана и Мангистауской области. Изучение схемы: «Какие действия человека несут угрозу почве». Написать несколько примеров по защите почвы.

## **5. Итоговое занятие**

Объяснение Законов Коммонера. Разгадывание загадок. Ответить на вопросы по теме «Почва нашего края». Определение качества воздуха в пяти разных местах города.

